



КИНО

Самал Еслямова – Сергей Дворцевоидың «Айка» фильмінде басты рөлді сомдап, былтыр Канн фестивалінде «Ең үздік әйел рөлі» үшін арнайы марапатталған актриса. Ол Алматыда Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының студенттерімен кездесу барысында ауылдан да талантты әртістер шығатындығын баяндап берді.

Ол өзінің киноға қалай келгендігін былайша түсіндірді: «Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Ақжайың ауданындағы Аралағаш ауылында мектепті аяқтағаннан кейін Петропавлдағы өнер колледжіне оқуға түстім. Сол кезде қазақ театрында қосымша жұмыс та істедім, С.Дворцевоидың алғашқы кастингіне қатысып, «Қызғалдақ» көркем фильмінде ойнадым. Колледжден кейін Мәскеудегі театр өнері университетіне (ГИТИС) оқуға түстім. Оқуды бітірген кезде С.Дворцевоидың «Айка» фильміне шақырды».

«Айка» фильмінде жана босанған әйелдің бес күндік өмірін бейнелеу, жас актрисаға онайға түспепті. Кейіпкері – Мәскеуге жұмыс іздеп келген қырғыз қызы. Алғашқы бес күн босанған



Фото: Галия КАЛИЕВА

Самал ЕСЛЯМОВА:

ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ МАХАББАТТАН ТҰРАДЫ

әрбір әйел үшін қиын кезең екендігі белгілі. Осы образды жасау үшін өте көп жұмыс істеген. Ең алдымен перзентханаға келіп, жаңадан босанған әйелдерді бақылаған. Олармен сұхбаттасып, жан-дүниесін түсінуге тырысқан.

Бір ғасырлық тарихы бар Мәскеудегі театр өнері университетінде білім алған ол оқу бағдарламасында ерекшелік көп екенін де айтты. Самал: «Бізге ұстаздарымыз оқып жүргенде, актерлік шеберлікті игеріп алу мүмкін еместігін айтатын. Оған жылдар бойы тәжірибе қажет. Мысалы, Мәскеудің дипломымен барлық рөлді ойнай аламын деп ешқашан айта алмаймын, – дейді.

Ал пір тұтатын актерлері туралы айтқанда Роберт де Ниро мен Дастина Хоффманды ерекше атады. Кинодан ирандық «Надир мен Симиннің ажырасуы» атты фильм қатты ұнайды екен.

Самал кастингтерге арнайы қатыспаған. Өйткені оқуды аяқтағаннан кейін бірден «Айка» фильмінің түсірілімі басталған. Киноны түсіруге алты жылдан астам уақыт кеткен. Әр мамандықтың өз қиындығы барын тілге тиек еткен актриса, ешқашан да биік шыңдарға жетемін деп ойламапты. Өзіне сондай талап та қоймаған. Ол үшін басты мәселе – киноның жақсы шығуы. Еш уақытта да танымал болуға бел бұрмаған.

Әңгіме арасында Петропавлда анасының үйінде болғанда, көшеде жастардың бірден танығанын да

айта кетті. Тіпті суретке де түскен. Жалпы түскен фильмнің фестивалдерде жүлделі орын алып жатса, бақыт құсы қолына өзі келіп қонады.

Бұрынғы киноларды алсақ, мысалы «Қыз Жібек», «Менің атым – Қожа» сынды фильмдердің ғұмыры ұзақ. Оқиға желісі де есінде сақталып қалады. Ал қазір 15 күнде түсірілген кинолар бар. Бірақ бір көргеннен кейін есінде қалмайды. Осының себебін сұрағанымызда: «Қазіргі үрдіс солай деп айтар едім. Киноны неғұрлым жылдам түсіреді. Менің ойымша, киноны шын жүреппен түсірген жөн. Шынайы істеуің керек. Ал шынайы жасалған дүние, ол ешқашан да сапасыз болмайды. Туындынды көрермен жүрегіне жеткізу үшін талмай еңбектенуің тиіс. Қазіргі кинолардан байқағаным, актерлер «ой, бұл рөлді жай ойнай саламыз» деген оймен түседі. Осы кемшілік рөлде бірден көрінеді. Меніңше, бастаған іске өз тарапыңнан үлкен жауапкершілік болуы керек. Әйел бейнесі махаббаттан тұрады. Сондықтан оны шынайы бейнелеуге тырысу керек», – дейді.

Самал – бөгде жерде жүріп те өз есімі арқылы қазақ халқының мерейін асырған актриса. Оның Канн фестивалінде алған жүлдесі қазақ қыздарының да кино әлемін жаулай бастағанын байқатады. Осы жолда Самалға сәттілік тілейміз!

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



ШЕБЕР

Ел арасында «Ерінбеген етікші болады» деген сөз бар. Бірақ бойында шеберлік қасиет болмаса немесе көк инені көктей алмайтын олақ болса, ондай адамнан ешқашан етікші шықпайды. Сондықтан халқымыз «Он саусағынан өнер тамған» деп, шын шеберлерді жоғары бағалаған. Жалпы, шеберді адамды ер, әйел деп бөлуге болмайды. Ал әйелдің шебер болғаны – табиғатынан ұқыпты адам үшін артық қасиет. Аспантаудың аясында, Хантөңірдің бөктерінде сондай шебер әйел тұрады.

Алматы облысының Райымбек ауданына қарасты Нарынқол ауылының тұрғыны Орынгүл Баратжан отандық өнім өндіріп отырған ісмер жан. Ол ерлер мен әйелдердің

алған. Жолдасы екеуі осы уақытқа дейін 8 адамға тігіншіліктің қыр-сырын үйретіпті. Ол қоштасарда «Алдағы уақытта шикізаттың барлығын өзім өндірсем,

ЕТІКШІ ӘЙЕЛ



аяқ киімін тігеді. Етікші шикізатты Талдықорған және Алматы қаласынан алдырады екен. Шебер «Тұрмыс құрып, еншімізді бөлгеннен кейін, қатты киналды. Ауылда қоғамдық жұмыста істеп жүріп, өз кәсібімді ашсам деп армандайтынмын. Сол қиял мені алға жетелеп, кәсіпкерлер палатасына өкелді. Сол жерде білімді жетілдіріп, өз кәсібімді басталдым. Басында әйел адам аяқ киім тігуші ме еді? – деп, барлығы маған күле қарайтын. Алайда мен ешқашан мойыған еместің», – дейді.

Қазір Орынгүл апай аяқ киім шығаратын цех ашып

цехты кенітіп, 30 адамды жұмыспен қамтысам» деген ниетін айтты.

Етікші әйелге күніне оннан көп тапсырыс түседі. Ол жұмыс бастаған жеті жылда 7000 аяқ киім тігіпті. Сонда жылына 1000 етік тіккен. Бағасы да қолжетімді. Кәсіпкердің сөзінше, ол жұмыс барысында тауар сапасына көп көңіл бөледі. Айтуынша, өзінен алған аяқ киімді 5 жылға дейін киюге болады. Тіпті сапасына 1 жылға дейін кепілдік береді. 3-топтағы мүгедек болса да шаруасын дөңгелетіп отырған ол «Аяқ киім алушылардан ешбір шағым түскен жоқ. Дегенмен, заман талабына сай жұмыс жасау үшін бізге жана құрылғы қажет», – дейді.

Төрт бала тәрбиелеп отырған ана өзінің қолынан шыққан аяқ киімдерді аудан көлемінде ғана емес, болашақта облыс аумағына шығарып сатуды жоспарлап отыр.



Жарас КЕМЕЛЖАН



Фото: Галия КАЛИЕВА

Анаға арнау

Ақ жасулықты аналарға арнаймын,
Ән мен жырдың төгілгенін қалаймын.
Аяулы да абзал, адал жандарды,
Әлемдегі ең асылға балаймын!
Тұл көктемді қуанышпен қарсы алып,
Аналарды құттықтаймын жар салып.
Көңілдерге шуақ толсын әрдайым,
Мерекеледе қуанайық ән салып!

Мақпал ӘЛМЕРЕК



7 КҮН 168 САҒАТ

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

БИЛІК

Ананың құдіреті шексіз. Оның алдында бүкіл дүние бас иеді. Осындай ұстанымға алдағы уақытта да адал болуға үндеген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев кеше Ақордада әйелдер қауымымен кездесіп, нәзік жандылардың қызметіне сәттілік тіледі.

Кездесуге көпбалалы аналар, кәсіпкер әйелдер, танымал әртістер, акын, құқық қорғаушы қыз-келіншектер қатысты. Мемлекет басшысы оларға қарата: «Бүгін қандай әлемісіңдер бәрің! Керемет! Бүгін Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық



akorda.kz

КӨКТЕМ ШУАҒЫ

әйелдер күнімен шын жүректен құттықтайын деп шақырдым», – деді. Орайы келгенде: «Сегізінші наурыз асыл аналарымыз бен қызғалдақтай құлпырған аяулы қыз-келіншектеріміздің мейрамы болса да, ерлер оны өте жақсы тойлайды» деп әлемі әзіл айтты.

Президент ерте заманда жауласқан жұрттың ортасына ана ақ жаулығын тастаған кезде, екі жақта да соғыс тоқтап, бітімге келетінін мысалға келтірді. Бұл арулардың ерлер алдындағы беделін айғақтайды, мәртебесін өсіреді. Салт-дәстүрге адал, шаңырақтың беріктігін сақтауға бейім, тату тіршілікті жаны қалайтын, бала тәрбиесіне терең мән беретін қазақ әйелдерінің қадірі қашан да биік. Жаңа заманда да қазақ аналары осы ұстанымға беріктігін байқатты.

Қазақ ұлты қыз баланы әр уақытта алақанына салып, аялаған. Осы салт әлі күнге барлық отбасы үшін бұзылмас заңдылыққа айналған. Қыздың қадірін

қазақтай түсінетін халық кемде-кем. Сырғалымы сыртта жүрсе де қадағалап, жат жұртта да жақсы атымен қалуды қалайтын қазақ «Ана» деген аяулы сөзді маңдайына мөңгілікке жазған. Оларға құрмет көрсету, қамқорлық жасау уақыт өткен сайын жанданып келеді. Сондықтан да Мемлекет басшысы жылда Халықаралық әйелдер күні

құралатындығын айта келе, мемлекеттің тиісті тепе-теңдікті сақтай отырып, көмекке аса мұқтаж жандарға әрдайым қолдау көрсететінін баршаға түсіндіру керектігін жеткізді.

Жиында өңірлерде жалақыны өсіру жөніндегі шараларды уақтылы қабылдаудың, білім беру және денсаулық сақтау салаларында жүйелі реформалар

жүргізудің, тұрғын үйлер мен ішкі аудандық жолдарды салу қарқынын күшейтудің, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен экология проблемаларын шешудің маңызды екендігі атап өтілді. Сонымен қатар «Құтты мекен» және «Ауыл – ел бесігі» жобаларын әзірлеп, жүзеге асыруға ерекше назар аударылды.

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері өңірдегі тұрғындардың өзекті мәселелерін жеке бақылауға алып, жүктелген міндеттерді іске асыру үшін нақты шаралар қабылдауы керектігі баса көрсетілді. Сондай-ақ әлеуметтік саясатты жүзеге асыру үшін бөлінетін қаражаттың тиімді жұмсалыуына бақылау жасау негізгі бағыттың біріне айналмақшы.

Қорыта айтқанда, биыл көпбалалы аналар үшін жағымды жаңалықтарға толы болмақшы. Аналарға көрсетілер сый, айтылар алғыс, жүктелер сенім кеше Ақордада өткен жиында баса айтылды.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Әлеумет.t⁰

БАРЫМТА ЕМЕС, БАУКЕСПЕ

Алдымен мәселенің затынан бұрын атын анықтап алайық. Біздің депутаттық сауалымызға арқау болып отырған мәселе – мал ұрлығы. Барымташылық емес. Бұқаралық ақпарат құралдарында, кейде тіпті қылмыстық хроникада «Барымташылар басынып баралы» немесе «Барымташылар бұғалықталды» деген сияқты дыбыс үндестігіне құрылған сөз тіркестері қолданылып жататыны бар. Қате айтылған сөз.

Барымта – тарихи ұғым. Байырғы қазақ қоғамындағы күн дауына, жесір дауына, жер дауына, басқа да даулы мәселелерге байланысты билер кескен күн мөлшерін айыпты жақ өтей алмағанда, күн даулаушылардың қарсы жақтан өрістегі жылқыларды шауып, айдап әкетуін барымта деген. Кейде барымтаның әділеттілігі қалпына келтіруге септескен жайлары да кездескен. Сондықтан ағайынның ақысын жібермей, тиісті құнды амалсыздан осындай жолмен қайтаратын намысты, қарулы жігіттерді барымташы деп дәріптеп қоятыны да болған.

Ал айдың күнінің аманында айдаладағы малды айдап алатындарды, түн жамылып бөде қораға баратындарды, жазықсыз жандардың обалына қалатындарды басқаша айтқан. Оларды бауқеспеден деген, ұры деген, қарақшы деген. «Қазақстан Фермерлері одағы» талай жылдан бері дәл осы мал ұрлылары жөніндегі мәселені қайта-қайта көтеріп жатыр. Алайда ішкі істер министрлігі тарапынан қылмыскерлердің, соның ішінде ұйымдасқан қылмысты топтар құрамында әрекет ететіндердің мал ұрлауын анықтауында, ұстауында ілгерілеу байқалмайды. Олар малды ұрлаудан, тасып әкетуден, союдан, етті базарға шығарудан құрылатын қылмыстық істер тізбегін емін-еркін жалғастырып жатыр. Полиция қызметінің осы қылмыс түрімен күресінде жүйелілік, талапшылық, жеделдік және жұртшылықпен байланыс жетіспейді.

Бас прокуратураның мәліметтері бойынша, соңғы екі жылдың ішінде елімізде бұл қылмыс түрінің 12 мың оқиғасы тіркелген. Қазақстанда бүгінде күн сайын мал ұрлаудың 16 оқиғасы орын алады. Шектен шыққан жайлар да кездеседі. Енді ұрылар малды үйірлеп әкетуге кіріскен. Мұндай мысалдарды барлық облыстардан келтіре беруге болады. Біріншіден, мал ұрлығымен күресті күшейту жөнінде мақсатты жұмыс жүргізу, бұл іске барлық деңгейдегі әкімдіктердің күшін, ішкі істер министрлігінің аудандық, облыстық және республикалық құрылымдарының барша әлеуетін, техникалық мүмкіндіктерін жұмылдыру қажет. Екіншіден, ішкі істер министрлігі, ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринарлық инспекциясымен бірлесіп отырып, базарларға, қоғамдық тамақтандыру орындарына, соның ішінде әскери бөлімшелер мен медицина мекемелеріне түсетін еттің қайдан, қалай келетінін анықтаудың дәлме-дәл тәртібін айқындауға тиіс. Мұнымен қоса, облыстық әкімдіктер жергілікті полицияның ауылдық жердегі құрылымдарын техникалық және кадрлық тұрғыдан күшейту жөнінде нақты қадам жасауы керек. Ауыл әкімдері мал ұрлауды, сойылған етті сатуды кәсіп ететіндерді анықтауға бар күшті жұмсағаны жөн. Кімнің не істеп жүргенін ауылдағылар білмейді емес, біледі. Олар не мал ұрлыларын әшкерелеуден қорқалды, не жалған ағайыншылықтан аса алмайды.



Саубатбек ӘБДРАХМАНОВ,
Мәжіліс депутаты
(Үкімет басшысына жолдаған сауалынан)

1+3

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,
Мәжіліс төрағасы:

«Байқоңыр қаласында жұмыс істейтін мемлекеттік органдар тізбесіне денсаулық сақтау және білім беру бөлімдері неге кірмей қалған? Көп сөзбай мәселені шешуді сұраймын. Депутат өз сауалында елу пайызы қазақстандықтар деді ғой.



Алайда не денсаулық сақтау бөлімі жоқ, не білім беру бөлімі жоқ. Ертең сонда олар балаларын қай мектепке алып барады, қай емханаға барады? Барлық сұрақ осыдан туындайды. Ал сіз әлі министрліктерден ұсыныс түскен жоқ дейсіз. Оны күтпей, бір үкіметтегі үш министрлік бас қосып, бір келісімге келуі керек.

Бақытбек СМАҒҰЛ, депутат:

«Хаттамада Байқоңыр қаласы аумағында жұмыс істейтін Қазақстанның мемлекеттік органдарының тізбесінде білім беру және денсаулық сақтау бөлімдерін құру көзделмеген. Бұл ретте Байқоңыр қаласындағы халықтың 50 пайызға жуығы жергілікті тұрғындар екені белгілі. Осыған байланысты айтыңызшы, осы қызметтерге халықтың қолжетімділігін арттыру, олардың сапасын жақсарту мақсатында аталған бөлімдерді құру жоспарланып отыр ма?».



Асқар ЖҰМАҒАЛИЕВ,
Цифрлық даму,

қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі:



«Дұрыс айтасыз, қазіргі таңда денсаулық сақтау және білім беру министрліктерінің бөлімшелері Байқоңырда жұмыс істемейді. Өйткені, қазір бұл министрліктерден ұсыныс келіп түскен жоқ.

Аптаның айтары

Күләш ШӘМШИДИНОВА,
білім және ғылым министрі:



«Заман талабына сай, балаларымыз, ең бірінші, өз ана тілін – қазақ тілін білуі керек. Себебі қазақ тілін біз тек Қазақстанда ғана дамыта аламыз. Екіншіден, жалпы интеграциялау үшін, басқа көрші мемлекеттермен жұмыс істеу үшін бізге орыс тілі мен ағылшын тілі қажет. Міне, осы жағдайға байланысты қазір мектептерде пәндер қазақ, орыс және ағылшын тілінде оқытылып жатыр».



Руслан ДӘЛЕНОВ, ұлттық экономика министрі:

«Неге көктем келгенде қызанақ пен қиярдың бағасы қымбаттайды? Біз соңғы екі жылдағы бағаның динамикасын қарадық. Наурызда, ақпан айы мен сәуірдің ортасына дейін бағаның көтерілгені байқалады. Әсіресе мезгілдік көкөніс қызанақ пен қиярдың бағасы өседі. Менің ойымша, бұл дұрыс емес. Біз сараптама жасауымыз керек. Өйткені сапушылар арасында мөміле бар сияқты. Мөрекелік күндерде бағаның өсуіне өсері болмау керек. Министрлік алдымен сараптама жүргізіп, ескерту айту керек. Егер бағалар қайта өсетін болса, онда айыппұл салынады».



Әсемханым ЕЛЕМЕСОВА, тұтынушы:

«Бағалардың өсуі жыл сайын қайталанатын үрдіс. Тек көктемде ғана емес, жылдың барлық мезгілінде қымбаттайды. Әсіресе мөреке қарсаңында баға шарықтай түседі. Амал жоқ, қанша болса да аласыз. Жыл сайын жаңалықтардан «бағаны реттейміз, қадағалаймыз» деген шенеуніктердің уәдесін естіміз. Қазір оған ешкім сенбейтін болды. Ең алдымен, бағаның өсуі қарапайым халыққа қатты өсерін тигізеді. Жауапты мамандар осыны ескерсе екен».

Қызықтан қызықтары

ӨЗ КӨЛІГІН ӨЗІ ҰРЛАДЫ

Алматы тұрғыны өз көлігін өзі ұрлап, полиция бөлімшесіне арыз жазыпты. Қалалық полиция департаменті хабарлағандай, «Достық» шағынауданынан «Тойота Камри-55» көлігінің ұрланғаны туралы ақпарат түскен.



Жедел іздестіру барысында күдіктілер ұсталып, олардан жауап алынды. Күдікке ілінгендер жәбірленушінің сыныптастары екен. Ол достарына көлігін ұрлауға тапсырыс беріпті. Полиция департаменті өкілдерінің айтуынша, азамат көлікті «ұрлатып» жіберіп, сактандыру полисин алғысы келген. Енді жәбірленуші сот алдында жауапқа тартылады.

Оқшау ой

Біздің елімізде эмиграция тақырыбына кім сөз қозғамайды дейсің? Саясаткерлер де, таксистер де. Жуырда көпке танымал саясаткердің сөзінен кейін бұл мәселе күн тәртібіне қайта шықты.

Осы тақырыпқа менің де алып-қосарым бар. Қанша дегенмен эмиграция – бей-жай қалдырмайтын тақырып. Өйткені ол кез келген мемлекет жүргізіп отырған саясаттың қаншалықты жемісті екенін айғақтайды. Маркетингте жиі қолданылатын ұранды басқаша айтсақ, «клиент аяғымен дауыс береді». Егер бәрі «құдайға шүкір» болмаса, әлгі аяқ мимен бірге жалақысы жоғарылау, әлеуметтік пакеті сапалырақ, адамдары бақытырақ елдерге қарай жылжиды.

АҚЫЛ МЕН ОЙ КӨШКЕНДЕ

Эмиграцияның барлық түрін ежіктеп, талдау – шетін іс. Меніңше, «ақыл-ой кеніші» деуге жарайтын жандарға, яғни болашағы зор және барынша көп қосымша күн әкелетіндерге тоқталған дұрыс. Шексіз даламызды тастауға бел байлағандарды сатқын не қашқын деп жазғыруға бола ма? Жок, әрине. «Өз елінде ұлтан болғанды» жөн санайтын

іштен шыққан дарындылар қашпайтын орын болса екен деп тілеймін.

ОЛАР НЕГЕ КЕТЕДІ?

Өткір тұсын сылап-сіпамай айтсақ, мұның бірнеше себебі бар.

1. Қара басын асырауға ғана емес, өзін-өзі дамытуға ықпал ететін жұмыс жоқ, табу қиын.
2. Жұмысқа тұрғанда және қызмет сатысымен көтерілген кездегі теңсіздік.

сон, аяғына дейін бару керек. Біздегі көптеген (*minti bәri дерлік*) ЖОО-лар әлемдік талапқа сай маман шығармайды. Жоғары білімнің сапасы керемет болса, бейін көші нағыз тасқынға айналар еді. Отандық түлектер шетелдік компанияларға жөнкіліп, Linked In, Facebook, Alibaba-ға қазақстандық резюмелер қаптар еді. Өкінішке ме, әлде бақытымызға қарай ма, әзірге біздегі дайындық жүйесі нақты сектордың талабына сай емес.

БЕЙІН КӨШІ



жалған патриоттардан ауылым алыс. Шетелде оқып, өмір сүріп көргендіктен, қолайлы жағдайда жұмыс істеудің қадірін жақсы білемін.

Оның үстіне, қазір Қазақстанда болып жатқан оқиғаларды сырт жақтан бақылайтындармен тұрақты байланысым бар. Мәселен, жамағайын боп келетін әпкелерім Аустралияда тұрады. Сонда жұмыс істейді. IT сала мен медицинада білікті маман. Жасыл құрлықтың өсіп-өркендеуі үшін еңбек етіп жүр. Оларға кінә тағатындай мен кіммін? Олар өздерінің кәсібилігі мен әлеуметтік әлін дәлелдеу жолында аяусыз тер төкті емес пе?

Дегенмен жұрттың бәріне «кетіндер» деп байбалам салудан да аулақпын. Себебі «қайда жүрсем, сол жер жақсы» деген идеологеманы ұстанамын. Мен өз айналада гүлденген экожүйе құрғанды тәуір көремін. Шынайы өмірді өзіміз жасаймыз. Ол бізді емес. «Құбылмалы дүниенің ыңғайына көнудің қажеті жоқ. Ол сенің ыңғайына көнсің». Сол үшін де қайта оралдым. Көп адамның елімізде еңбек етіп жүргені басқа жаққа керекті болмағандықтан емес, мен сияқты ойлағандықтан деп білем.

Қазақстан шетелдік таланттарды тартатын орталыққа айналмаса да,

Біздің елімізде ең басты тежегіш және антидрайвер ағайынгершілік (*непотизм*) екені құпия емес. Қандай да бір топ/команда/клан ішінде болу тәжірибе мен дипломға қарағанда маңыздырақ.

3. Тағы бір терең себептің біріне өзін көппен бірдей бағытта, бір жолда сезінбеуді жатқызамын. Қазір айтылып жүрген құндылықтар жастардың жүрегі мен ойына қозғау салмайды. Сондықтан да өзін маман ретінде, тіпті жай белсенді азамат ретінде қажетсіз деп сезінушілік қалыптасты.

4. Орта және жоғары білім берудің сапасы қанағаттанарлық емес. Әрі тұрғындардың белгілі бір тобына қолжетімсіз. Бір жағынан, көптеген отандастарымыз біздегі білім беруге көнлі толмай, одан гөрі үздігіне ұмтылады: ауқатты ата-ана баласын жекеменшік мектепке береді. Ал дарынды студенттер өз бетінше жол табуға тырысады. Бейін көші осылай басталады.

«АЙДЫҢ АРҒЫ БЕТІ»

Бұл тақырыптың басқа да қыры бар. Қазір тосын бір нәрсені айтамын. Ақыры шындықты айтқан

Біздің қоғам бейін көшін түсініп, сезіну үшін әлі пісіп-жетілген жоқ. Кейбіреулер әлі күнге дейін оны еңбек және білім миграциясының табиғи процесі санайды. Әйтсе де, 5-10 жылдан кейін қазіргі мектеп оқушылары өсіп-жетілген кезде, Қазақстан нағыз бейін көшінің не екеніне көз жеткізеді (*Ванга сияқты айттым-ау*).

Біріншіден, бұл балалар біздегі ЖЖО-сыз қалай білім алуға болатынын біледі. Екіншіден, олардың санасы «туған жердің топырағы» сияқты ұғыннан жұрдай болуы мүмкін. Олардың отаны – Жер. Патриотизмге шақыру да, «сатқын» деп айыптаудың да көмегі болмайды. Мықтылар жан-жаққа кетеді де, елде өншен орташа (*не одан да нашарлары*) қалады.

Сондықтан эмиграцияға түрткі болатын көлеңкедегі себептер мен оның түп-тамыры жайында бүгіннен бастап ойланған дұрыс дер едім. Әзірге бұл кішкентай ғана түйін. Бетін қайтара алмайтын ағынға айналғанда сан соғып қалмайық.



Ербол ИСМАЙЫЛОВ, колумнист

Қылтұзақ

«Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейтін мақал бар. Періштенің қасында пенденің дүниеқұмарлығы заңдылық сияқты. Бұл сөзімізбен

елдебіреулерді ақтап отырған жоқпыз. Айтайық дегеніміз – қазір жамбасы жұмсақ креслоға тиген кез келген басшы бірден қаражаттан қарпытып қалуға тырысатын жаман әдет пайда болды. Тіпті «Болашақпен» оқып келген болашақтардың өзі ақшаның алдында айылын жия алмай жүр. Атын атап, түсін түстемей-ақ қоялық. Бірақ ондай мысал жеткілікті...

Сонғы оқиғаға оралайықшы. Өткен аптада Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайының басшысы 20 миллионнан астам теңгені қымқырғаны үшін құрықталды. «Время» газетінің тілшісі хабарлағандай, еліміздегі ең маңызды әлеуметтік-саяси мекеменің бірінші басшысы Әділ Арын бір ғана мемлекеттік сатып алуға 20 миллионнан астам теңге жұмсаған.

Әділ Арын – саяси мансабы өте тез қарқынмен өсіп келе жатқан азаматтың бірі еді. Ол мәдениет және спорт саласында жоғары лауазымдарға ие болған. Ақшаға шатылған жас басының қызметтік жолына тоқтала кетейік. Бұған дейін ол Астана қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің менеджері, сенатор көмекшісі қызметін атқарған. Тіпті теміржол саласында да еңбек етіпті. 2016 жылы «Пирамидаға» келуден бұрын, Әділ Сейілханұлы «Қазақфильм» киностудиясын аз уақыт

«ПИРАМИДА ШЫТЫНАДЫ»



болса да басқарды. Әділ Арынның түйіндемесінде екі жоғары білімі туралы дипломы, Президент жанындағы Басқару академиясының магистрі, Ұлыбританиядағы бірнеше университетте тәжірибеден өткендігі туралы мәлімет бар. Тіпті «Еңбек данқы» орденімен де марапатталған. Сонда осындай жоғары білімі мен еңбек тәжірибесі бола тұра, ол мемлекеттік қазынаға қалай қол сұққан?

Қылымстық іс материалдарында Әділдің тура жолдан қалай тайғаны туралы толық жазылыпты. Ол 2017 жылдың күзінде Арқалық педагогикалық институтында бірге оқыған досы Айдос Исхановты жұмысқа алады. Содан бастап Арынның араны ашылып сала берген. Олар мемлекеттік сатып алумен айналысатын жалған заңды тұлғаны тіркеуді ойластырады. Сөйтіп, «Astana Art Creative Group» ЖШС пайда болып, оған әлгі Исхановтың туысы Кәмшат Қалменова тіркеледі. Қысқа мерзімнен кейін «Пирамидада» Жана жылдық ертеңгіліктер ұйымдастыру туралы келісімге қол қойылады. Оны өткізу үшін сарайға көлемі 130 шаршы метрлік LED экран қойылуы керек. Айдос Исханов сарай қызметкерінің бірінде өлшемі басқаша LED экраны бар екенін біледі. Ал ол сарай қоймасында бұрыннан жатқан. Мұны білген Айдос бастығына LED экранды тез арада сатып алу керектігі туралы хат жазды. Ол бұған дейін осы құрылғының

Нұрлан ӨНЕРБАЕВ,
Қоғам қайраткері:



МЕНІҢШЕ, БҮЛ БІР АУЫЗ СӨЗГЕ СЫЙМАЙТЫН ТАҚЫРЫП. БІЗ ЕЛ СЕНІМІН АРҚАЛАТЫП, ШЕТЕЛГЕ ОҚУҒА ЖІБЕРГЕН ЖАСТАР КІМДЕР? ӘУЕЛІ ОСЫҒАН ТОҚТАЛАЙЫҚШЫ! МЕМЛЕКЕТТІҢ АҚШАСЫМЕН, СЕНІМІМЕН ШЕТЕЛГЕ ОҚУҒА КЕТКЕН ЖАС МАМАН БҮРЫН ҚАНДАЙ ТӘРБИЕ АЛДЫ? ҚАНДАЙ ЖҰМЫС ІСТЕДІ? ҚАНДАЙ МЕКТЕП БІТІРДІ, ҚАНДАЙ УНИВЕРСИТЕТТІҢ БАСПАЛДАҒЫНАН НЕГІЗ ҚАЛАДЫ? СОНЫҢ БӘРІН БІЛМЕЙ ТҮРЫП «ШЕТЕЛДЕН ОҚЫП КЕЛДІ ЕКЕН» ДЕП ЖҰМСАҚ КРЕСЛОҒА ЖАЙҒАСТЫРА САЛУ – ДҰРЫС ШЕШІМ ЕМЕС. ОҚУ БӨЛЕК, АЛ ТӘЖІРИБЕ МҮЛДЕ БӨЛЕК ДҮНИЕ. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ БАРҒАН ЖАС МАМАН АЛДЫМЕН ӨЗІНЕН ЖАСЫ ҮЛКЕН, ТӘЖІРИБЕСІ МОЛ САҚА МАМАНДАРДЫҢ, ЖҰМЫСТЫ БІЛЕТІН АЗАМАТТАРДЫҢ ЖОЛЫН КӨРҮІ КЕРЕК. СОЛАРДЫҢ МЕКТЕБІНЕН ӨТІП ШЫНДАЛУЫ ТИІС. БАСПАЛДАҚТАН ӨТПЕГЕН ЖАС САРЫ АУЫЗ БАЛАПАН ҚҰСАП ҚАҒАЛАҚТАП ҰШАМЫН ДЕП, ТАУҒА-ТАСҚА СОҒЫЛУЫ МҮМКІН. СОНДЫҚТАН, КАДР ТАҢДАУДА ОНЫҢ БІЛІМІНЕ ЕМЕС, БІЛІКТІЛІГІНЕ ҚАРАҒАН АБЗАЛ!

нарықтағы бағасын анықтап алыпты. Экранды жеткізушілер қызметіне 33 пен 39 млн теңге арасында ақша сұрайды. «Astana Art Creative Group» ЖШС бұл құрылғыны анағұрлым арзан бағаға ұсынады. Басшылықты мұндай арзан баға қатты қызықтырған. Екі жақ та дән риза. Өйткені «Astana Art Creative Group» ЖШС-нің шотына 32 778 000 теңге келіп түседі. Экран иесіне 11,5 млн теңге берілген. Қалған ақшаны Исханов пен Арын екіге бөліп алады. Алайда тексеру кезінде Бейбітшілік және келісім сарайының экранды сатып алуында заңға қайшы әрекеттер әшкереленген. Осы мәселені егжей-тегжейлі зерттей келе, сатып алынған жабдықтың 12 млн теңге тұратыны анықталған. Қазіргі таңда сотқа дейінгі тергеу басталып кетті.

Қазақта «Сенген қойым сен болсаң» деген мәтел бар. Міне, ел сенім артқан, болашағынан үміт күткен мемлекеттік мекеме қызметкерінің істеген тірлігі осындай.

Аймақ бойынша еңбекке жарамды тұрғындардың жасы Қаңтар-желтоқсан 2018 (адам)

| Аймақ бойынша | Кеткендер | Келгендер | Көші-қон сальдосы |
|------------------|-----------|-----------|-------------------|
| Қазақстан | 29078 | 9814 | -19264 |
| ШҚО | 4438 | 508 | -3930 |
| Қостанай облысы | 4381 | 820 | -3561 |
| Қарағанды облысы | 3871 | 314 | -3557 |
| Павлодар облысы | 3207 | 331 | -2876 |
| СҚО | 2771 | 536 | -2235 |
| Алматы | 2311 | 1002 | -1309 |
| Ақмола | 2008 | 560 | -1448 |
| Астана | 1290 | 463 | -827 |
| БҚО | 1094 | 283 | -811 |
| Ақтөбе | 940 | 77 | -863 |
| Алматы облысы | 868 | 1622 | 754 |
| Жамбыл облысы | 641 | 372 | -269 |
| Шымкент | 440 | 850 | 410 |
| Маңғыстау | 354 | 1312 | 958 |
| Түркістан | 248 | 499 | 251 |
| Атырау | 170 | 237 | 67 |
| Қызылорда | 46 | 28 | -18 |

15 жастан жоғары тұрғындардың сыртқы көші-қоны Қаңтар-желтоқсан 2018 (адам)

| Мамандық бойынша | Кеткендер | Келгендер | Көші-қон сальдосы |
|--------------------------|-----------|-----------|-------------------|
| Барлығы | 22666 | 4903 | -17763 |
| Техникалық | 7362 | 1313 | -6049 |
| Экономикалық | 3900 | 731 | -3169 |
| Педагогикалық | 2478 | 713 | -1765 |
| Медициналық | 1225 | 433 | -792 |
| Заңгерлік | 847 | 187 | -660 |
| Архитектура және құрылыс | 516 | 139 | -377 |
| Ауыл шаруашылығы | 398 | 140 | -258 |
| Өзге | 5940 | 1886 | -4054 |

Дереккөзі: Ұлттық экономика министрлігі статистика комитеті



Econometr

Күні кеше сексеннің сегізіне аяқ басқан кенес мемлекетінің бірінші һәм соңғы президенті М.Горбачев шетелдің ағыл-тегіл дүниесіне, әсіресе, сапасы берік бұйымына тәнті болған деседі. Содан шығар, ол бір күні «Ғарышты игерген заманауи зымыран шығарғанымызды қайтейік, әлі күнге дейін жөні түзу төпли (туфли) тіге алмайды екенбіз», – дейді ащы шындықты амалсыз мойындап. Америкамен тайталасқан алып держава сапалы бұйым жасай алмай, ақыры тарих қойнауына кетті. Оның бүгінгі мирасқоры Ресейдегілердің де қатырып жатқаны шамалы. Тек «шикізат аман болсын» деп отырған жайы бар.

экономиканың беломыртқасына айналдыру қажеттігі айтылды. Білікті маман, жеңіл өнеркәсіптің нағыз жанашыры Любовь Худова газет беттерінде қордаланған түйіндер жөнінде сөз қозғады. Любовь ханымның пікірі қолдағы барды ұқсата алмауымызға кеп тіреледі. Әйтпесе, өзбектегі мақта бізде де өседі. Жабайы жекешендіруден кейін күрт азайған төрт түлік мал басы, құдайға шүкір, кейінгі жылдары көбейе бастады. Демек, жүн жеткілікті, илейтін тері де табылады. Оны айтасыз, әлгі мактадан жіп иіріп, мата тоқитын,

Елбасы съезде қарапайым бұйымдар шығаратын экономиканы дамыту міндетін қойды. Жаңа үкімет осы аптада жоспарын жариялады. Инвестиция және инфрақұрылымдық даму министрі Роман Скляр бизнесті қолдауға деп бөлінетін 600 млрд теңгенің 400 миллиарды өңдеу өнеркәсібі мен қызмет көрсету саласына жұмсалатынын хабарлады. Р.Склярға сенсек, қыруар қаржы күнделікті пайдаланатын тұтыну тауарларының 250 түрін шығаруға мүмкіндік береді. Сөйтіп, импорттың үлесін 82 пайыздан 59 пайызға дейін азайтуға болады. Әрине, бұл жерде мынадай екі негізгі кілттипан бар. Бірі – қазынадан бөлінген ақшаның шеті бұзылмай, өндірушінің қолына тиюі. Екіншісі – кәсіпкердің басқа қажетіне жаратып жібермей, қаржыны нақ сол бұйым жасауға жұмсауы. Осыған дейін түрлі бағдарламалар мен жобаларға деп бөлінген субсидия



ЖАЛПЫДАН ЖАЛҚЫҒА

Қалың жұрт күнделікті тіршілікте пайдаланатын қарапайым бұйым шығару мен киім-кешек тігу бізге де арман болып тұр. Қытайдан, әсіресе, өзбек пен қырғыздан келетін жеңіл-желпі іш киім мен шұлықтың «қорлығы» әбден өтті. «Көгілдір отынға» ғана сенеді дейтін түрікменнің трикосын мұхиттың арғы жағынан көріп таңқалғанымыз бар. Алып бара жатқан сапа да жоқ әлгілерде. Бірақ бетіндегі made in деген жазуымен сол елдегі жеңіл өнеркәсіптің, осы саладағы шағын

жүн мен теріні өңдейтін өндіріс ошақтары да болды. Ең бастысы, бұл істің қыр-сырын білетіндер бар. Соларды жұмысқа тартып, шаруаны қайта жандандыруға болар еді. Л.Худованың уәжін көпшілік естіген мына бір сөз де дәйектей түседі. Бүгінде сөзден гөрі істің әкімі кім десе, есімі алдымен ауызға алынатын Амандық Баталов Жетісу өңірінде жабылып қалған қант зауыттарын іске қосты. Әкімнің айтуынша, сол жерде ұзақ жыл тер төккен жұмысшылар қанттың иісін сағынып

мен несиелер төңірегіндегі келенсіз жәйттер көрсеткендей, түрлі денгейде бақылау тетігі дұрыстап жолға қойылмаған. Ортадағы делдалдар мен қарпып қалғыштардың онай ақшаға құнығының бір себебі осында жатса керек.

Қарапайым бұйым шығаруға бизнестің мойнындағы кредиттің көптігі де кедергі. Министр осылай дейді. Кез келген бизнесменнің шаруаны қаржысыз дөңгелете алмайтыны белгілі. Біздіңше, үкімет шағын және орта кәсіпкерлігі дамыған елдердің тәжірибесін ескеріп, бұл салаға инвестор тартуды қолға алғаны абзал. Forbes тізімінің басында тұрған қайсыбір қалғалылардың әу баста тісшұқығыш, дорба, қаламсап сияқты қарапайым дүние жасап, центтен доллар құрап байығаны мәлім. Р.Скляр шикізаттың болмауы да бұл бизнестің бағын байлап тұр депті. Оның айтуынша, біздегі дикан өсіретін мақтаның тек арнайы киім тігуге жарайтынын айтады. Ал ішкі киімге орта талшықты «ак алтын» қажет. Сондықтан мақтаның бұл түрін сырттан әкелуге тура келеді екен. Міне, осы арада Өзбекстанмен шекаралас жатқан Түркістан облысында мақтаның әлгі түрін өсіруге бола ма? Мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты мамандарының отандық мақтаны жеңіл өнеркәсіпте пайдалану жөніндегі пікірі қандай? Министрлік өкілдері осы жағын зерттеп көрді ме екен?

Бізге өндірілетін қылшық жүн тек киіз жасауға ғана жарамды. Ал киімге қажет биязы жүн жоқтың қасы. Қой шаруашылығы ҒЗИ бас ғылыми қызметкері Алтынбек Нартбаевты тыңдасақ, еліміздегі биязы жүн өндірісінің көлемі 15 тоннадай. Бұрынғымен салыстырғанда көп емес те шығар. Алайда, маманның пікірінше, өндірісті ұлғайтуға мүмкіндік мол. Ол үшін Алматы мен Жамбыл облыстарындағы фабрикалардың жұмысын жандандыру қажет. Қант өндірісі секілді, бір кездері дүрілдеп тұрған асыл тұқымды мал зауыттарын қалпына келтіруге болар еді.

Үкімет Жол картасымен күнделікті тұтыну бұйымдарын шығарғысы келеді. Ал мамандар бір



және орта кәсіпкерліктің бар екенін білдіреді.

Бірақ бұдан біздің ісмерлер ине-жіпке жолағысы келмейді деген ұғым тұмауы тиіс. Көз жауын алатын ұлттық киімдер соның айғағы. Бір ғана мысал. Қарағандының шұлығы сапасы жағынан мақтаулы деген түріктің не өзгенін өнімнен титтей де кем түспейді. Тек жан-жақтан ағылған арзан тауармен бәсекеде үкіметтің қолдауына зәру. Жеңіл өнеркәсібі өркендеген елдердің тәжірибесі көрсеткендей, үлкен өндіріс ошағы мен шағын цехтар аяққа тұрып, шығарған бұйымын шетке жөнелтетіндей дәрежеге жеткенше мемлекеттің қамқорлығынан кенде емес. Іргелес елдер де осы тәжірибені құп көрді. Соның арқасында өзбек кәсіпкерлері тек былтырдың өзінде елімізге 10 мың тонна киім-кешек жіберіпті. Экспорт көлемі ақшаға шаққанда 20 млн долларға жуықтайды. Тәшкеннен келген өнімнің 60 пайызы іш киім екен. Базар мен дүкенде өзбектің тауары өтімді. Өйткені Өзбекстанда тігілген киімнің бағасы біздегіден 40 пайызға арзан. Тұтынушы алдымен арзанға жүгіретінін ескерсек, отандық өндірушілердің онымен тайталасуы қиын - ақ. Бұл – Шымкенттегі кәсіпкерлер палатасы сарапшыларының пікірі. Олар отандық кәсіпкерге электр қуатын пайдалануда болсын, басқа жағынан болсын, әйтеуір, бірқатар жеңілдік жасалуы тиіс деген пікірде. Палатаның өкілі Бауыржан Бердалиев баспасөз өкілдеріне осы мәселені үкіметке жеткізгенін айтады.

Үкімет демекші, бұған дейін ауқымды бағдарламалармен айналысқан атқарушы билік, әлілін айтқан жөн, қарапайым бұйым өндірісіне пәлендей бас қатыра қойған жоқ. Рас, түрлі мінберден отандық өндірісті дамыту, шағын және орта кәсіпкерлікті

қалыпты. Олар сүйікті кәсібімен қауышқанына мәз.

Мемлекет басшысы өткен жетіле билеуші партияның құрылтайында елдегі жалпы ішкі өнім өсімінің мұнай мен газ бастаған шикізат есебінен болып жатқанын айрықша атап өтті. Бұл отандық экономикада дайын өнім шығару әлі деп ақсап тұр дегенді білдірсе керек. Есеп бергенде көбіне қалың жұртқа түсініксіздеу терминдер мен пайыздық көрсеткіштерді көлденең тартып, негізгі капиталға салынған инвестиция арқылы экономиканы «өркендетіп» тастайтын министрлер мен әкімдерге енді қағаз бетіндегі ақпаратпен жұмыс істеу қиын. Себебі, қаладан шықпай, ауыл-аймақты араламай, нақты жағдайды білмей, кабинетте отырып басқарғысы келетін үкіметтің ғұмыры ұзаққа



бармайтыны белгілі болды. Оның үстіне, міне, бірнеше жылдан бері шикізат бағасының өспеуі өңдеу өнеркәсібіне иек артпай, өзгенін дайын өнімін шетел валютасына сатып алатындарға онай соқпайтынын көрсетті.

кездегі озық тәжірибенің тозбағанын, әлі де кәдеге жарайтынын қаперге салады. Бізге жалпы сөзден гөрі, жалқы іс керек боп тұр.

Срайыл СМАЙБҰЛ,
шолушы

Экспорт

Беларусь елімізден бензин сатып алуға дайын. Қазір оның мөлшері мен сауда шарты жөнінде келіссөз жүруде.

БІЗДІҢ БЕНЗИННЕН ҮМІТТІ



Бастама көтерген белорус тарапы. Олар бізден сатып алған отынды ішкі нарықта сатпайды, өзінің мұнай өңдеу зауыттарына (МӨЗ) жібереді.

Бұл елдегі МӨЗ-дер ішкі сұранысты толық өтей алады. Өндірген өнімін экспортқа шығаруға да қауқарлы. Сондықтан базбіреулер мұндай келісімнен астар іздейді. Беларусь Мәскеумен арадағы келісімге балама қарастырып жатыр дегенді айтады. Олай деуге де негіз бар. Себебі бұған дейін Иран, Венесуэла және Әзірбайжанмен мұнай өнімдерін жеткізу мәселесін талқылаған-тұғын.

Алайда белорус МӨЗ-нің өкілдері өндіріске қажетті шикізатты ұдайы іздейтіндерін алға тартады. Бұл орайда Қазақстан ЕАЭО кеністігінде тиімді серіктес болуға жарап тұр. Тәуелсіз сарапшылардың дерегінше, өткен жылы белорус МӨЗ-гі бензин өндіру 3 – 3,5 пайызға төмендеген. Оның себебі де әр түрлі. Негізгісі Ресеймен байланысты. Қайткенде де Қазақстаннан барған жанармай жергілікті кәсіпорындарды сауықтыруға сеп болады.

Алдағы уақытта сатылатын өнім мөлшері мен жеткізу мерзімі пысықталады.

Төрт түлік

Фермерлер үшін жақсы жаңалық. «Ырыс» бағдарламасы бойынша 155 млн теңгеге дейін алуына болады.

ЫРЫС ТОЛСЫН




«Қаржыландыру сомасы 85 млн теңгеден 155 млн теңгеге ұлғайтылды. Несие мерзімі 12 жылға дейін ұзартылды. Бұрын 10 жыл болатын. Ірі қара мал, техника және құрал-жабдық сатып алуға арналған жылдық сыйақы мөлшерлемесі 6 пайыздан аспайды. Тиімді мөлшерлеме сәйкесінше 6,4 пайыз», – дейді «Ауыл шаруашылығын қолдау қоры» АҚ несиелеу департаментінің директоры Геррард Бааль.

«Ырыс» бағдарламасының

шартында кепілдікке қатысты өзгеріс бар. Бұрын несие алушының жылжымалы және жылжымайтын мүлігі кепілдікке қойылатын. Енді кепілдік құрылымы мынадай болмақ: қолдағы бар мүліктің 25 пайызы, қалғаны несие қаржыға сатып алынатын мал, техника немесе құрал-жабдық.

«Ырыс» бағдарламасы іске қосылғалы қор тарапынан 114 отбасылық тауарлы-сүт фермасына 4,4 млрд теңге берілді.



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК

АШЫ СУДЫҢ ӘЛЕГІ

«Таң атпайын десе де,
Күн қоймайды.
Өтірікті қуалап
Шын қоймайды», — демекші, Құрбанбүбі апай танды тағы да тағатыздана күтті. Әрнәрсө ойына оралды. Жас күнін сағынды. Қызықты күндері қылаң берсе, сол бір гүлденген кайта оралғысы келеді. Ғайыптан сондай мүмкіндік берілсе, өмірді қайта бастар еді. Амал қанша... Жүрегі мұңға толы. Сағыныш сарғайтып, кәдімгі қоян күзімен күн кештіріп қойды. Үзілгелі тұрған жапыраққа ұқсап қалғаны жанына батты. Ой жетегінде жатып, әншейінде ән салдыратын бір шиша түгілі, жарты шиша арақтың табылмағанына налыды. Тоназытқышты ашты, шүкрі жүрек жалғайтын тағам толып тұр. Бірақ ашы сусын жоқ. Көшедегі көп дүкеннің біріне бас сұғуға бұзақылардан қорықты. Басбұзарлар бұл жерде де жеткілікті. Қазіргілер бұрынғы жастардан өзгеше. Тәрбиесіздігін бірден байқатып алады. «Болмайды, таң атсын» деді іштей күбірлеп. «Қартайғанда жан төтті» деген рас екен-ау. Тезірек көз ілу үшін де түнде кеш жатқан. Сонда да ұйқысы қашып, жалғыздықтың қасіреті жүйкесін жұқартты. Тіпті түн ұзарып кеткендей көрінді. Қайта жаймашуақ жаздың рахаты осындайда білінеді. Бір бөтелкені босатып тастап, құс жастықты құшақтай ұйықтағанда қор ете түсетін. Бетіне қонған шыбынды бір қағып, кара түнекті алмастырған күн сәулесіне сүйсініп жатып оянатын. «Оянады» деген аты. Әйтпесе қарттықтың кара сүйектен өтетін зардабы кейде жанына батады. Буындары мен қос тізесі зырырағанда жанын қоярға жер таппайды. Еңкіш тарта бастағанын байқап, басын шайқап қояды ондайда. Бел тұсы мен иығына салынған жасанды пластика, қолының қарын ұстап тұрған темір де кейде жүйкесін жұқартады. Бәрі де құрысын, бір бөтелке ашы су болса, дендеген дерт те ұмыт болар еді. Сөйтіп жатып, ақыры ақ танды атырды. Ас үйге кірді. Шай ішуден

MAZASUZ MŪIIS

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Оқшау ой

БІРЕУДІҢ
ҚАҢСЫҒЫ –
БІРЕУГЕ
ТАҢСЫҚ ПА?

Қыс бітерде «Оскардың» кезекті, 91-ші киножұлдесін тапсыруға арналған кезекті шоу өте шықты. Иә, әдеттегідей нағыз шоу. Жұлде алғандар кезек-кезек сахнаға шығып, бір күліп, бір жылап, өсінен танып өлек. Оңай ма? «Оскар»!



Қазіргі көрерменді таң қалдыру қиын. Кино саласында қозғалмаған тақырып, түсірілмеген оқиға қалмады. Бәлкім, содан болар, режиссер атаулы кешегі күнге көбірек қарайлады. «Оскар» номинациясында «2018 жылдың ең үздік фильмі» атанған Питер Фарреллидің «Жасыл кітабы» да соның дәлелі. Мұндағы оқиға желісі XX ғасырдың 60-жылдарында өрбиді. Киноның атауы кара нәсілді көлік жүргізушіге арналған «жасыл кітапқа» мензейді. 1936-1966 жылдары үзбей жарық көрген бұл анықтамала қараларға қай қонақ үйге тоқтап, қай жерде тамақ ішуге рұқсат етілгені жазылатын.

Фильмнің мазмұнына тоқталудың қажеті шамалы. Америкадағы кара нәсілділерді тықсыру, қорлау тақырыбы кино әлемінде бірінші рет қозғалып отырған жоқ. 2011 жылы режиссер Тейт Тейлордың «Үй күтуші» (The Help) драмасы да «Оскардан» үміткер еді. Бірақ ол ең үздік фильм атанбады. Актриса Октавия Спенсер ғана екінші қатардағы әйел рөлін сомдағаны үшін жұлде алды. Тіпті осы фильмге арқау болған Кэтрин Стокеттің романы 2009 жылы әрең дегенше жарық көрген. Бұл шығарма өзін аса демократияшыл санайтын американдық қоғамы үшін жараның аузын тырнағанмен бірдей болғаны анық.

«Үй күтуші» қай жағынан алып қарасаң да «Жасыл кітаптан» бірде кем түспейді. Мұнда тек «көгілдір реңк» жоқ. Ал «Жасыл кітапта» бар. Тәп-тәуір дүниені құртып тұрған да соның өз. Тіпті жұлде алу үшін әлгіндей эпизодты әдейі кіргізген бе деп қаласын. 2005 жылы режиссер Энг Лидін «Өркеш тау» (Brokeback Mountain) фильмі «Оскар» алғанда талайдың шамына тиіп еді. Қазір ол кино тарихында тұңғыш гей-вестерн саналады.

Билл режиссер Йоргес Лантимостың «Фаворит» фильмі де басты сыйлықтан үміткер еді. Тарихты «жамылған» туындыны «бір жынысты махаббаттың одасы» дерсін. ХҮІІІ ғасырда Англияны басқарған Анна Стюарт патшайымның рөлінде ойнаған Оливия Колман да «Оскардан» олжалы қайтты.

«Бір жынысты махаббатты» үлкен экраннан насихаттау баяғыда басталған. Еске түсейікші. 1993 жылы жазушы Шыңғыз Айтматовқа Берлин халықаралық кинофестиваліне жюри мүшесі болуға ұсыныс түседі. Америкалық режиссердің туындысын жюри мүшелері алдын ала мақтасып, құлаққағы жасап жүреді. Америкадағы гомосексуалистерге толық бостандық беруді насихаттауға арналған фильм екенін білгеннен кейін, ұлы жазушы: «Сіздердің пікірлеріңізге қосыла алмаймын. Тіпті бұл фильмді зиянды деп есептеймін. Бұл – ең лас, былғаныш, арысдықты экранға алып шығып, гомосексуалистен қаһарман жасап, миллиондаған көрерменнің талғамын бұзу, теріс жолға итермелеу», – деп қарсы тұрады. Сонда жюри мүшелері «Адам баласының еркіне ешкім қол сұғуға тиіс емес. Тіпті президент болса да. Нағыз демократия дегеніміз – осы. Сіз бұған қалайша қарсы шығасыз?» деп жабыла кетеді. Оған Шыңғыз Айтматов былай деп жауап береді: «Сіздер гомосексуалистді адам баласына күштеп таңып тұрсыздар. Қайткен күнде де еркіндіктің символы ол емес».

Жазушы сөзінің жанғыры бүгін басқа елден естілді. Al-Nadath Al-Youm телеарнасында Мысыр парламентінің депутаты «Оскар» жұлдесін иеленген актер Рами Малекке қатысты өз пікірін былай білдірді: «Мысырдың бұқаралық апарат құралдары оның женісін ерекше атап өткеніне қайран қалдым. Бұл адам біздің жастардың моральдық ұстанымына нұқсан келтіреді».

Рами Малек «Богема ратсодиясы» (Bohemian Rhapsody) фильмінде ағылшынның Queen рок-тобының әншісі Фредди Меркьюридің рөлін сомдаған. «Оскар» жұлдесін де сол үшін алды. Мысыр парламентінің өкілі «Рами Малек осы рөлімен бейәдеп өмір сүру салтын насихаттады» деп күйзелді.

Ал бізде «Оскар» жұлдесін тапсырудың салтанатты рәсімі «Хабар» телеарнасынан көрсетілді. Әлдебір «продакшн» компания мемлекеттік телеарнаның тапсырысымен фильм жасап үлгеріпті...

Гүлнар АХМЕТОВА

АДАСЫП
ЖҮРГЕН
АРМАН

де шайлыққан. Бұрышта жатқан «Белая лошадка» бір түрлі көз тастады. Ана сарайда оның он шақты шөлмегі жатыр. Баяғыдай бөтелке қабылдайтын жер жоқ. Ақшаға келген ашы судың құтысынан құтылу үшін қоянға тастамақшы да болған. Бірақ бос бөтелкенің де дәурені жүріп қалар деген үмітпен тиіспейді.

Жылы киініп, далаға шықты. Кара суық қарып тұр. Меңзені шыққан басының ауруын қойдыратын бірдене іздеп, жанын мандағы дүкенді бетке алды. Жолда келе жатып «қанша бөтелке арақ алсам?» деп ойлады. Біреуі бүгінге ғана жетеді. Үш бөтелке үш күнге жетер. Қор болған қайран уақыт...

Уақытты ұятты күндермен өткізіп жүргенін жақсы біледі. Құлап-сұлап, апталап ішіп, туыстары келіп тұрғызып алғанда ғана маскүнемге айналғанын іштей сезеді. Көз жасын көрсетпей жылайды. Аш қарынды аласапыран ететін арақ алып ұрған кезінде бұл үйге ағайындары, немерелері бас сұқпайды. Қорыққандарынан емес, ұялғандарынан. Жетпіске таяған кемпірге ақыл айтудан олар да шаршаған. Көршілері де көңілді жүргенін көргенде, жай күнгідей қақпаны қарс айырып кіріп келе бермейді. Тек Алматы қалалық психикалық сауықтыру орталығынан ем қабылдап оралғанда ғана амандық-саулық сұрасады. Жүзі жалырап қалады. Осындай бақытты күндердің көп болғанын қалайды. Амал қанша...

БАҚЫТ ҚҰСЫН ІЗДЕЙДІ

Құрбанбүбі Алматы маңындағы Фрунзе ауылында (қазіргі Түркісіб ауданы аумағында) дүниеге келгенде ата-анасы ғана емес, туған-туыс, көрші-қолан түгел қуаныпты. Қалайша қуанбасын, мауыраған мамыр айының бел ортасында, Құрбан айттың құтты күні өмірге келсе. Кіндігі кесіліп, анасы үйге оралған күні «құтты болсынға» жиналған жұрт арасынан беделді бір кісі азан шақырып, ат қойған. Әкесінің ұйғарымымен Құрбанбүбі есімі берілді. Қасиетті аттың қадірін бертінде ғана жиі еске алатын болды. Өйткені ол мектепке барғалы бері Коля атанып кеткен. Енді сол күндерінің көбі өкініштен тұратынына қайғырады.

Мектепте орысша оқиды. Орыс жазушыларының біразының шығармаларын жатқа біледі. Өте сергек, сезімтал болып бой жетті. Сондай сәттері орыс мектебіне барғанына еш өкінбейді. Қайта қуанады. Өйткені тілге жүйріктігі, пысықтығы өміріне ерекше әсер етті. «Букварды» алғаш рет қолына алғанда, орыс тілі өте бір ауыр секілді көрінген. Уақыт өте келе, әріп тануға арналған оқулық дүниенің жан-жақты сезінуге таптырмас құрал болып шықты. Немерелерінің үйіне бара қалғанда сол кітап көзіне оттай басылады. Ал қазақ тілін 5-сыныптан бастап оқыған. Соған қарамастан, балалардың арасында ең мықтысы болып шықты. Балалық шағы өсіне түскен сайын бақытты күндердің енді оралмасына налиды. Қартайғанда ауыр күнға батарын енді ойламапты.

Ата-анасы, бауырлары жанында жүргенде жабырқап көрмеп еді. Таршылық пен жоқшылық бұлардың босағасына дендеп кірген жоқ. Әкесі 35 жыл пойыз машинисі болды. Ал анасы үйдегі алты баланың бақытты болуы үшін бәрін жасады. 19 жасында басына орамал салған шешесінің құлақтарынан тартып, ренжіп, ұрысканы да есінде қалмаған. Аулада бірде

ойнап, ақ дастархан үстінде бірге отыратын бауырларының сүйкімді сәттері әлі күнге жалғнда. Кейде әкесі соғыста көрген қиындықтарын өсіне түсіріп, майданда орден-медаль жасаған ерлігі үшін берілгенін айтып отыратын. Сонда әкесінің басынан кешірген ауырталықты бойжеткенде ұмыттырамын деп ойлайтын. Үйдің ең үлкен Мырзажан автоинспекция саласында еңбек етті. Әкесі де полицияда қызмет істеді. Соларды көріп өскен Құрбанбүбі де 16 жасында өз бетінше тіршілік жасауға кірісті. Алғашқыда Жамбыл технология институтына құжат тапсырған. Алайда төмен балл алғандықтан, Алматыға қайта оралды. Сауда техникумының кешкі оқу бөліміне түсіп, мамандығы бойынша үздік бітірді. Бірден дүкенге сатушы болып орналасты. Жиырма жылға жуық уақыт осы саланы шыр айналдырды. Дүкен менгерушілігі де бұйырды. Жалақысы да жаман болмады. Өмірдің небір қиырқылықтарын сол кезде басынан кешірді. Таразының тасы түгілі, азық-түлік орайтын сары қағаздың салмағынан да ақша жасалды. Мәселен, қампитті жұқа қағаздан гөрі қалыңдау қатты қағазбен орау әжептәуір тиімді болатын. Грамдап жүздің рахатын сол кездегі сатушылардың бәрі білетін. Тексеру келгенде түк білмегенсіп, құтты қонақтарына ыстық шай мен ашы су беріп, маңдайын жіпсітіп жіберетін. Бастауыш партия ұйымының жетекшісі болған кездері де бар жауапкершілікті мойнына алды. Тек аруды арақ қана адастырды.

ӨКІНІШ ПЕН ӨТІНІШ

Қайғы-мұңсыз жастық шағы бірде қайғыға ұласты. Алдымен ағасы, одан соң інісі кенеттен келген ажалдың құрбаны болды. Ата-анасынан одан ертеректе айырылған қыздың жаралы жүрегін ешкім емдей алмады. Көздің жасын арақпен ғана тыйды. 24 жасында Александр есімді татар жігітіне тұрмысқа шықты. Әкесі КГБ-да істеген. Мамандарды қысқарту жүргізілгенде, Александр отбасымен Краснодарға көшеді. Бұл амалсыз

Сыр-сұхбат

– Әкеңіз туралы не айтасыз?

– Әкем ұзын бойлы, өдеміше келген жігіт еді. Мінезі қатал. Оның жанында анам жұмсақтау. Әкемізді жиі көре бермейтінбіз. Үнемі сапарға шығып кетеді. Бірде Алматыдағы орталық алаңға мерекеге алып келгенде, екінші Алматыға дейін алғаш рет пойызға міндік. Алып пойызды жүргізетін әкем сонда маған батыр адамдай көрінетін. Сол күнді әлі ұмытқан емеспін. Өте тату тұрдық. Балаларының бөріне жоғары білім өперді. Сөйткен адамдар балаларын тастап о дүниеге кетті.

– Ата-ана үмітін қаншалықты ақтадыңыз?

– Осы сұрақты өзіме жиі қоямын. Мен тек жансақтау үшін ғана өмір сүріп жатқандаймын. Бүкіл жағдайым бар. 120 мың теңге зейнетақы аламын. Бірақ бәрібір бірдеңе жетпейді. Мүмкін ол отбасын құра алмағаным болар. Әйел бақытын жаныммен, жүрегіммен сезіне алмадым. Бауырларымың балалары үйге келгенде, бөріміз мөре-сөре болып қаламыз. Күнде осылай қуанып жүрсек деймін. Алайда олар табалдырықтан аттап, өз үйлеріне кетісімен, сары уайымға салынамын. Содан соң ішемің.

– Жас ұрпаққа не айтар едіңіз?

– Өзім ұнататын «Белая лошадка» қақпағын қақырата ашып, қырлы стақанға құямын. Мұның жаман әдет, соңы жақсылыққа апармайтынын жақсы білемін. Сонда да ішемің. Апталап жатамын. Содан соң бауырларымы осы жерге емделуге өкеледі. Жылына бірнеше рет түсемін. Дәрігерлерге рахмет. Емдеп, ақылын айтып, сауықтырып жібереді. Бірақ осы өкінішті өзгелер қайталамаса өкен деймін. Бұл – менің өтінішім! Қазір жастарға барлық жағдай жасалуда. Соны білсін. Арақтан аулақ жүрсін!

Алматыда жалғыз қалды. Осылайша сенім артқан серінің көз түгілі, көңілден де алыстап кетуі оны қапаса қамап тастағандай еді. Саудалан шығып 22 жыл теміржолда жолсерік қызметін атқарды. Қанша сапарда жүрсе де, жанына сүйеу болар азамат табылмайды.

Жалғыздықтан жабығып түнімен жылап шығатын. Адал еңбегімен алған үш үй де оның жанына жылу сыйлай алмады. Күндіз-түні өшін арақтан алды.

ӘДЕМІ ҚАРТАЮ ДА ӨНЕР

Көзі тірісінде әкесінің де, анасының да арақ ішкенін көрмеппі. Ал өзінің жат әдетке қалай үйір болғанын өсіне түсіре алмайды. Шанырақтарының шырайын кіргізген жандарды жиі өсіне алады. Жұма күні шөлпек пісіріп, Құран оқытып қояды. Жасы жетпісті алқымдаған өңкесі, алпыстағы інісімен араласқанымен, қу арақтың кесірінен кейде аралары алыстап кетеді.

Құрбанбүбі өмірінде талай адамға жақсылық жасады. Тіпті қысылған қырғыз қызына кезінде 2 мың долларын да беріп жіберген. Таңыс та бейтаныс қыздан әлі күнге хабар жоқ. Талай кісіле ақшасы кетті. Осындай сәтсіздіктерді ой елегінен өткізгенде, тіпті түн ұйқысынан шошып оянады. Көз іле алмайтын кезі көп. Ондайда жанға батар жалғыздық та жаныңды алатындай көрінеді. Уайымның ұятын тек арақпен басалы.

Ол кісі «Арақты салына ішемің. Тоқтай алмай қалғанда емделуге келемін. Осыны қалай қоюдың амалын таппадым. Кейде сурелерді оқимын. Намаз оқуға белім мен қолымдағы жаракаттар мүмкіндік бермейді. Әрі 67 жас деген онай емес. Ата-анамның әруағы үшін осы әдеттен арылу керек. Үйде жалғыз отырғанда тек кітап оқимын. Орыс жазушыларының шығармаларын жиі қолға аламын. Өкінішке қарай, қазақ жазушыларының кітаптарын оқып көрмеппін. Енді оқимын, – деп, енді арақты қоймаса болмайтынын қайта-қайта айтты.

Екі жыл қызметтік вагонда жұмыс істеген Құрбанбүбі қазақтың маңдайалды азаматтарымен талай рет жолда бірге болған. Солар туралы да немерелеріне айтып берер әсерлі әңгімесі жеткілікті. Егер бөтелкеден безініп, дұрыс жолға түсер болса, нағыз бақытты өже болғаны бұр.

Құрбанбүбі апайды бір көргеннен жақыныңыздай сезінесіз. 67 жаста деп айта салуға ертерек секілді. Күтімі жақсы. Осының сырын сұрағанымызда, адамның үнемі жақсылыққа жаны құштар болуы керектігін айтты. Көпшіл, өзгелерге қамқор болып жүретін жандардың жаны ерекше жаратылады. Егер ішімдікті қойса, бұл кісі кәдімгі әлемі қартайған ақ әжелердің қатарынан табылары анық. Бізге де «арақты қоямын» деп уәде берді. Лайым, солай болғай!

ТҮЙІН: Алматы қалалық психикалық сауықтыру орталығында маскүнемдікпен есепте тұратындар саны – 5323 адам. Олардың арасында жасы үлкені – Құрбанбүбі әжей.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ



Ынтымақ

Дана халқымызда: «Ынтымақты елдің ырысы мол» деген сөз бар. Бүгінде келісім мен бірліктің, татулық пен ынтымақтың арқасында әлем мойындаған елге айналдық. Бірлік пен ынтымақ бар жерде – алынбайтын қамал, шықпайтын шың, аспайтын асу жоқ. Осындай асыл қасиетті Александр Соңмен кездесіп, сырласқанда біле түстік. Бітім-болмысы мен жүріс-тұрысы қазаққа жақындайтын жұдырықтай баланың ұлты көріс. Достары мен жолдастары Ескендір деп атап кетіпті. Бидай өнді баланы басқа ұлттың өкілінен ажырату қиын. Қашан көрсен, көңілі көк жайлау, ортасына қуаныш сыйлап жүреді. Болашақта қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болатынын естігенде, пейілінен айналып-ақ кеткің келеді.

Jas qazaq: Ескендір, Қазақстанға жер аударылған этностар туралы ізденіп, біраз ақпарат жинақтап жүр екенсің. Алдымен, тапқан олжамен бөлісуге қалай қарайсың?
Александр Соң: Кеңес Одағында 1920-1940 жылдары тұтас халықтар депортацияға ұшыраған. Оларға жалған айыптар тағып, атамекендерінен күшпен жер аударды. Сол жер аударылғандардың бәрі Қазақстанға көшірілген. Нақтылап айтар болсам, 1928-1936 жылдары Қазақстанға Ресей, Украина, Белоруссиядан 360 мыңдай адам жер аударылса, 1937 жылы Қиыр Шығыстағы мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз ету деген сылтаумен, сонда тұратын көріс халқын Қазақстан мен Орталық Азиядағы өзге де республикаларға әкелді. Оның ішінде 20141 отбасы (95421 адам) Қазақстанға орналастырылды.

1940-1941 жылдары поляктар қоныс аударылды. Екінші дүниежүзілік жылдары олар 105 мыңға жетті. КСРО Жоғарғы Кеңесі төралқасының 1941 жылы 28 тамыздағы «Еділ жағалауында тұратын немістерді көшіру туралы» (№21-160 жарлығына сәйкес), 1941 жылы күзде 1 млн 120 мыңдай неміс Еділ бойынан көшіріліп, Қазақстанға 420 мыңы орналастырылды. 1943 жылы 12 қазанда Қарашай автономиясы жойылды да, 14 қазанда Кеңес Одағы халықтық комитетінің кеңесі қарашайларды жер аудару жөнінде құпия қаулы қабылдады. Соның негізінде қарашайлардың 11711 отбасы (45529 адам) Қазақстанға қоныстанды. 1944 жылы 5 наурызда балкарлардың тағдыры да осылай шешілді.

Осындай қаулы, жарлықтардың салдарынан 1944 жылы 2668 калмақ, 13260 түрік, 5530 күрд атаконьстарынан аластатылды. Күштеп көшіру соғыстан кейінгі жылдары да жалғасын тапты. 1946 жылы басында Қазақстанға тек Солтүстік Кавказдан, Грузиядан, Қырымнан 107272 отбасы

өзгерістер енді. 1955-1956 жылдары заңды түрде құқықтық шектеу алынып, шешен, ингуш, балқар, қарашай, калмақ халқының өкілдері тарихи отандарына қайтуға мүмкіндік алды. Бірақ казак жерін

өзінің Отаны деп есептеген этностар осы елде қалды. Солардың бірі – көріс ұлты.

Jas qazaq: Қасиетті қазақ даласы – адамзаттың алтын бесігіне айналды. Өз баласын тербеткені былай тұрсын, әлі күнге дейін өзгені де ұйқысынын тыныштығын күзетіп келеді. Осының сырын қалай түсіндіріп берер едің?
Александр Соң: Қазақтың жерімен бірге, елінің дарқандығы өз алдына бір әнгіме. Сонау нәубет жылы осы аймаққа қиырлан көрістер, Қап тауынан Еуропадан кавказ, неміс пен балқар ұлтының өкілдері жер аударылды. Бөтен жер, өзге Отан, бейтаныс халық. Мұның барлығы туған жерінен қол үзіп келген халықтың рухын сындыратыны анық еді. Алайда басына қайғы түсіп, өзегінен ажыраған ағайынның халын Ұлы даланың ұлдары жақсы түсінді. Бауырына басып, төріне оздырды. Бір тілім наным бөліп берді.

1937 жылдың 21 тамызында И.Сталин мен В.Молотов қол қойған «Қиыр Шығыстағы шекараға жақын аудандарда тұратын көріс халқын көшіру туралы» КСРО Халық комиссарлары кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитетінің қаулысында корейлерді депортациялау жөнінде ресми нұсқау берілгені белгілі. Онда Қиыр Шығыстағы корей халқын Оңтүстік Қазақстан облысына, Арал теңізі мен Балқаш өңіріне және Өзбек КСР-іне 1938 жылдың 1 қантарына дейін көшіру керектігі айтылған. Қазір олардың көпшілігі Қызылорда облысы мен Алматы облысының Қаратал, Көксу аудандарына орналасқан. Жолдан өбден қажып, қалжыраған көріс ұлтын казактар қушағын айқара ашып қарсы алды..

Александр Соң:

«ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТІНЕН АЙНАЛДЫМ»

Қаншама қайғы-қасірет пен қуғын-сүргінді басынан өткерген қазақ халқы тағдырлық көріс халқының жан күйзелісін тереннен түсініп, бауырына басты.

Барлық мәселе қазақ халқының адамгершілігіне, мейірбандығына, имандылығына келіп тіреледі.

Jas qazaq: Осы қиындықтардың сенің де ата-бабаларың бастан өткерді ғой?
Александр Соң: Көрістердің басынан кешірген жағдай 1930 жылдардың орта тұсынан басталады. Қазақстанға жер аударған кезде қақаған аяз болмаса да жарты күннің ішінде аяқ-қолды үстің алуға болатындай суық болыпты. Көбімізді 1940-1950 жылдар аралығында осы елге әкелген. Ал кейбіреулері өз еркімен келген. Тағдырдың жазғаны шығар. Бірақ пойыздан түсе салысымен теміржолдың бойында орналасқан ауыл тұрғындары корей

мен етінің дәмділігін әрдайым айтып отырады. Қазақ өңдерін жақсы көреміз. Әке-шешемнің мақалдап қазақтан кем сөйлемейтінін мақтан етеміз.

Jas qazaq: Өткен жылы көріс ұлтының қазақ даласына жер аударылғанына 80 жыл толды. Соның құрметіне Жетісу жерінде, әсіресе Қаратал ауданында жұрт есінде қалардай берекелі шара өтті. Бұл шарадан не ой түйдің?
Александр Соң: Қазіргі кезде егемен ел аумағында 100 мыңға жуық көріс ұлтының өкілі тұрады. Әрине, сексен жыл деген тарих үшін аса бір ұзақ мезгіл емес. Бірақ Қазақстан, оның ішінде Жетісу жеріндегі көрістер үшін әрбір жылдың өз қиындығы, қуанышы, табысы, жетістігі, сүйініші болды. Соның ішінде өткен жылдың салмағы ауыр. Былтыр сексен жылдыққа орай Корея елінен арнайы делегация келіп, Қаратал ауданының Бастөбе елді мекенінде, қазақ даласына тағзым жасалды.



алғашқы немеренің ата-әжесінің баласы саналып, үлкендердің қолында өсетіндігі белгілі. Мен ес жиғаннан әжем Рая Кимнің алдында тәрбиелендім. Қазақ халқында: «Екі баланың ортасында өскен қарт бала болады, екі қарияның ортасында өскен бала дана болады» деген жақсы нақыл бар ғой. Бала жасымнан атам болмаса да, әжемнің қолында өскендіктен, өз қатарластарыма қарағанда даналық пен кеңдікті бойыма молынан жиып өстім деп айта аламын.

Jas qazaq: Қазір І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің білімгерісің. Өзінді Александр деп атағанды аса жақтыра бермейтінің бар. Оның сыры неде?
Александр Соң: Алғашында ата-анам мені орысша оқытпақ болды. Ол үшін ауылдан біраз шалғайдағы аудан орталығы Үштөбе қаласынан оқуға тұра келді. Бірақ әжемнен алыстап кеткім келмеді де, ауыл мектебінен қазақша сыныпқа кірдім. Бала күннен ауылдағы көрші-қолан, дос-жарандарымның бәрі казактар болғандықтан, тілімде қазақша шықты. Алғашында қиындық аз болған жоқ. Әсіресе қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Эльмира Бактыкерейқызына алғысым шексіз. Ол кісі менің жақсы білім алуыма барынша көмектесті. Тіпті сыныптағы 24 баланың ішінен мені арнайы таңдап алып, қазақша өлең жаттатып, түрлі бәсекеге жіберіп отырды. Жетінші сыныпта оқып жүргенімде апайымның тәрбиелеуімен «Жарқын болашақ» байқауына қатысып, облыста бірінші, республикада үшінші орынды иелендім. Оның сыртында мектепаралық, ауылда, ауданда өтетін мәдени іс-шараларда өнер көрсетіп, жүргізуші ретінде елдің ықыласына бөлендім. Осындай топтық ортада көрінген сайын өзімді соған бейімдеп, тәрбиелей бастадым. Тілдік қорымды толықтыру үшін қазақ тілінде шыққан кітаптарды жалықпай оқи бастадым. Ең алғашқы оқыған кітабым Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романы болды. Кейін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алмахан Баратқызы маған Фариза Онғарсынованың «Жетімхана» поэмасын оқып шығуға берді. Ол шығарма өзіне баурап алды. Осы күнге дейін қанша кітап оқығанымды санап бере алмаймын. Бірақ Абай атамның өлеңдерін әр жыл сайын оқимын. Өйткені, ол туындыларды әр жылы оқыған сайын басқаша қырынан, басқаша заманда түсініп отырасың. Орта мектепте Т.Журенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына түсіп, өнертану мамандығын оқысам деп армандаушы едім. Бірақ орта мектепті бітіре тұста бағытымды өзгерттім. Оған Мадияр Байбалиев, Еркін Кикенов сияқты достарымның да ықпалы болған шығар. Асқақ арман мені Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын оқуға жетелеп әкелді. Қазір осы ортада өз болашағымды жазып жатырмын. Бүгінде Қазақстан Халқы ассамблеясының Алматы облыстық филиалы жанынан құрылған «Парасат» клубының мүшесі ретінде барлық шараға атсалысамын.

Бір айта кетерлігі, өскен сайын қазақ халқының қамқорлығына ерекше тәнтімін. Кезінде біздің аталарымыз жер аударылып, осы өлкеге келіп, қазақ халқының қамқорлығымен аман қалса, содан қалған бізді тағы да мәлепеп, бауырына тартып өлпештеп, барынша қолдау танытып келеді. Бүгінде университет қабырғасында, облыс аумағындағы іс-шараларда болсын мені жарқыратып көрсетіп, бойымдағы талапты үрлеп, ұшқындатып келеді. Тек маған ғана емес, осы аймақтағы барлық этнос өкілдерінің жастарына жасалып жатқан жақсылықтарға әрдайым ризашылығымызды білдіріп отырамыз. Сонымен қатар Қазақстан Халқы ассамблеясының жанына құрылған этно-мәдени орталықтар әр этностың тарихын түгендеп, мәдениетін мәйектетеуге үлкен серпін беріп отырғаны да қуантанды. Меніңше, этнос өкілдеріне мұндай жақсылық жасау тек қазақ халқының ғана қолынан келеді деп ойлаймын.

Елбасы биылғы жылы Жастар жылы деп жариялады. Бұл қолдау біздің де өз арманымызды өмірге бейімдеп өр ісімізден береке табуға шабат беруде. Сондықтан қазақ халқына мәңгі борыштармыз. Әрі осы қайырғанды өзіміздің елге деген сүйіспеншілікпен, адал еңбекпен, адалдықпен қайтарғамыз келеді.

Азан шақырып қойған атым Александр болса да, достарым мені Ескендір деп атап кеткен. Ескендір есімім бітімді биіктейтін, сеніміне қанат бітіретін күйге бөлейді. Әрі осы әдемі атты арқалатқан білім шаңырағы Қалпе орта мектебіне айтар алғысым шексіз. Өзімдей жастарды қазақ тіліне баулып, ұлтты құрметтеудің үлгісін көрсетіп келемін.

Jas qazaq: Келешек істеріміз берекелі, өміріміз мерекелі болу үшін біздер не істеуіміз керек?
Александр Соң: Бізді тебірендіріп, тербететін – сыр тұнған тарихымыз. Себебі ғасырлар қойнауынан жеткен шежіре-тарих мемлекет іргесінің берік, шаңырағының биік болуына ықпал ететін қозғаушы күш – жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Ал бүгінгі жас ұрпақ ертенгі азамат екендігін ескерсек, бала күнінен отаншыл болып өскен адам тек жақсылық жасауға бейім тұрады анық.

Ел мен жердің тынышттығы, халықтың әл-ауқатының артуы, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы қоғамдық келісім мен бейбітшілікке, ұлтаралық татулық пен дінаралық сыйласымға тікелей тәуелді. Келісім, бейбітшілік, татулық, сыйластық орныққан жерде даму да, алға жылжу да, халық санының өсуі де орын алады. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттің өркендеп, ел мен жердің жақсылыққа кенелуіне ынтымақ пен тұрақтылық тікелей әсер етеді. Біз жағынан алғанда, мемлекетіміздің өзге елдерге үлгі болып отырғаны көңілге қуаныш ұялатады. Өйткені талай ұлттың баласына қара шаңырақ болып, жер аударылғандарды туғанындай күтіп алған қазекеннің жақсы қасиеті бүгінгі Қазақстандағы ұлттардың бойына сіңгені анық. Тіпті қиын күндерде келген диаспора өкілдерінің қазақпен құда-кежат болып, туыстық қарым-қатынасты нығайта түскені бұлтартпас шындық. Бұны көкірек көзі ашық әрбір жан мойындайды.



(412191 адам) қоныс аударылды. 1954 жылы 1 қантардағы есеп бойынша, Қазақстанға қоныс аударғандардың саны 2 млн адамға жетті. Депортацияға ұшыраған халықтардың жағдайы өте нашар болды. Азық-түлік, тұрғын үй, киім-кешек жетіспеді. Суықтан, ашытқан, жұқпалы індеттерден адам өлімі көбейді. КСРО ішкі істер басқармасының 1944 жылғы есебі бойынша, қоныс аударылғандардан 144704 адам, оның ішінде Қазақстанда 101036 адам өлген. Сонымен қатар депортацияға ұшыраған халықтар жана қоныстанған жерлерінде қатал тексерулен өтіп тұрды. Олар рұқсатсыз ешқайда да бара алмады. Тіпті көрші ауылдағы туған-туыстарымен араласуға тыйым салынды. Осы тұста қазақ халқы еріксіз қоныс аударылып келгендерге барынша қамқорлық жасап, олардың зор қырғыннан аман-есен сақтап қалды. 1956 жылы Сталиннің жеке басына табынды айыптап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау басталған кезде ғана депортацияланған халықтар тағдырына оң

ұлты өкілдерін үйіне жайғастырады. Өмірінде бірінші рет көрген адамды осылай ыстық ықыласпен шаңырағының астына алып, жалғыз көрпесін астына төсеп, бір үзім нанын бөліп берген қазақ отбасының мейірімділігі жүрек елжіретіпті. Бірнеше айдан кейін олар өз үйлерін тұрғызуға жәрдемдеседі. Осындай мейірімділігі мен қамқорлығы үшін қазақ ұлтына айтар алғысымыз шексіз.

Jas qazaq: Өзің өсіп, өнген Кім әулетінің Алаш жұртына деген құрметі ерекше. Өздерінің табысы мен жетістігін елдің игілігімен ұнжастырады. Адалдық ретінде қазақ тілін жетік білуге құштарлығыңды қалай түсіндірер едің?
Александр Соң: Қазақ елін, қазақ жерін мекен еткеннен кейін мемлекеттік тілді білу – әркімнің міндеті. Сол елді құрметтеп, сыйлағаны деп түсінемін. Әрі біз қазақтың салт-дәстүрін, ұлттық тағамын жақсы білеміз. Ата-анамның достары да казактар. Олар үйде анам дайындаған дәмнен татып, бауырсағы

Алғашқы келіп орныққан жеріне белгітас орнатып, қазақ халқына мәңгілік қарыз екенін көрсетті. Әлі күнге дейін сондағы жерасты үйлері сақталған. Кешегі күннің белгісі, жүрек түбіндегі сызаттай естелік көпке ой салады. Дәл осы кезде жасы тоқсанды алқымдаған көріс ақсақалы көзіне жас алып, қазақ халқына алғысын білдірген еді.

– Мен сол кезде он жастағы бала едім. Аш, жалаңаш, қыстың қақаған аязында ең далаға әкеп тастап кетті. Қыстың ызғары болғанымен халқының жылуын сол күннен бастап сезіндік. Өзіне жетпей отырса да, аузындағысын жырып берген қазақ халқына мын алғыс. Мұндай халық әлемде біреу. Ол – Қазақ елі! Мен өз көзімнен көрдім, барлығын бастан өткердім, міне, осындай ақпейіл, бауырмал дана халықтың арқасында жасым тоқсанға келді. Айналым ақелі ағайынның қамқорлығынан! Өзге деп емес, өзім деп тауқыметті бірге тартып, бірге жасаған елім-ай! Осында ғой сенің бар қасиетің. Өйтпесен, мынадай ұлан-байтақ даланың иесі атанасың ба? Алланың өзі осы дарқандығыңды сезіп, сан мың ұлттың баласын саған қарай итерді емес пе. Осы жақсылығыңның қайырымы болар жасампаз ұлтқа айналып отырғаның, – деп еңкілдеп жылады. Оны көрген барлық көріс азаматтарының көзіне ыстық жас үйірілді. Тіпті сол әсерлі сәтті көрген барлық этнос өкілдері де көзіне жас алып, өткен күндердегі қиын тағдырын еске алды. Осы арқылы ата-бабаларына деген сағынышын басып, қазақ халқына деген ризашылығын білдіріп еді.

Жыл сайын 31 мамырға қарсы теледидардан «АЛЖИР» фильмін көрсетеді. Сол кинода қазақ балаларының түрмеге таспен атқандай құрт лақтырып, тағдыр тауқыметін тартып жүрген сормандай әйелдерге қамқорлық танытады. Адамнан айла артылған ба, қызылдардың көзін алдап, адамзат баласына деген аяушылығын білдірген қазақтай халықтың мықтылығын бейнелейді.

Бұл көрініс – қазақ халқының бойындағы ең асыл қасиет. Көршісіне қарайласқан қазақтың қиыс бастайтын ісі бұл. Осы асыл қасиетті көріп өстік. Ендеше, ержеткенде осы адамгершілікке ризашылықпен жалау беруім керек деген ізгі мұратты көкейіме сақтадым. Сол жолда еңбектеніп келемін.

Jas qazaq: Халқымызда «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген дана сөз бар. Өскен орта, отбасын жайлы айта кетсең?
Александр Соң: Адам баласының әр басқан жолының өзі оның кейінгі өміріне ерекше әсері бола ма деп ойлаймын. Мен адамдары қарапайым, көңілі дарқан, жері шұрайлы, пейілі берекелі Қалпе деген ауылда дүниеге келдім. Аталарымыз осы мен туған ауылдың берекесін көріп өссе, кейінгі тіршілік оларды жан-жақтан бақ қарауға талпындырыпты. Әкем Виталий Сол Мәскеуде туған. Шешем Евгения Теннің ата-аналары Қырғызстанның Бишкек қаласында тұрыпты. Олар Мәскеуде кездесіп, танысып, шынырақ көтерген. Бірақ үйленгеннен кейін Қазақстанға қайта келіп, мен туған Қаратал ауданының Қалпе ауылына қоныстандым. Әкем бала жасынан техниканың тілін меңгеруге қызыққандықтан, дөңкерлеуші мамандығын үйреніпті. Күні бүгінге дейін сол мамандықтың шебері болып келеді. Шешем сауда саласына жақын болып, бүгінде шағын бизнесі бар. Қысқасы, осындай қарапайым отбасында өсіп, қажырлылық пен қайсарлықты бойыма жидым. Қазақ халқында

КӨРГЕНДІ КЕЛІНШЕК

Жүрдек пойызбен Астанадан Атырауға қайтып келе жатқан бетім еді. Купеде үш адамбыз. «Шайды сәлден соң ішерміз» деп, өзара әңгімелесіп отырғанымызда, жүрдек пойыз Атбасарға да келіп қалыпты. Өзге тілде былдырлап келе жатқан екі сәбиін сүйретіп, пойызға ұлты басқа әйел мінді. Сырт киімін шешіп, жайғасқан соң таныдық. Ұлты шешен екен. Көрші купеде орналасқан әйелдің балаларымен әр сөзі анық естілгенімен, нақты не айтып жатқанын түсінбедім. Әйел балаларымен өз ана тілінде сөйлесіп отырды.

Пойыз бір-екі стансаны артқа тастағаннан кейін әлгі шешен әйелді сөзге тарттым. Орыс тілін жақсы меңгерген сапарласым Шешенстанның орталығы Грозныйдың тумасы болып шықты. «Атбасарға тұрмысқа шықтым. Күйеуім шешен. Бес балам бар. Үшеуі Грозныйда оқып жатыр. Екі кішкентай қолымда» деді. «Балаларыңыз тіл білмейтін сияқты ғой. Жергілікті балалармен қалай тіл табысып жүр?» дедім. Бұл сұрағымды жұмсақ қана жымия қабылдаған келіншек: «Кешіріңіз. Менің балаларым тіл біледі. Олар өз ана тілінде сөйлейді. Мен үшін осы жеткілікті. Мектеп жасына жеткен соң, бір-екі жылда бұлар да Грозныйға оқуға кетеді. Әжелерінің тәрбиесінде болады. Есесіне, өз ұлтымыздың тәлім-тәрбиесін сіндіріп шығады. Сол себепті балаларға басқа тілді үйретпей отырмын», — деді. Өз ұлтына деген адалдықтың жоғары үлгісіне қуә болған мен одан әрі тіл туралы тақырыпты қозғай алмадым...


Міне, қазақ келіншектері де осындай жақсы нәрсені үйренуі керек.

МЕН ҮНДЕМЕДІМ...

Тағы да Астанадан келе жатырмын. Бұл жолы ұшаққа міндім. Бортсерікке билетімді көрсетіп, ертерек терезенің маңындағы орныма жайғастым. Сәлден соң жаным бірі әжей келді. Екі адамның ортасына отыратынын көріп, абдыранқырап қалған әжей терезе тұсындағы менің орнымды сұрады. «Екі сағатқа шыдармын» деп, мен де ығыса қойдым. Риза

болған әжей руымды, туған жерімді сұрап, біраз сұрақтың астына алды. «Атырау қазақы жер ғой. Бірақ сол жерде қазір қазақтардың дені балаларын орыс сыныптарына беріп жатыр. Кейде орыс сыныптарында орын да болмайды деп естіп жатамын. Мұның күйіңе неде? Әлде қателесіп отырмын ба?» — деді жүзіме барлай қарап. Не деуім керек еді? Үндемедім.

«Пускай изучает русский. Молодцом вырастит. Полноценно говорит на



КІМНЕН ҰЛГІ АЛАМЫЗ?

казахском, не модно...». Біздің дәл алдыңғы қатарымыздағы орынға жайғасқан әйел телефонның ар жағындағы адамға осылай деп бәйек болып жатты...

Ал енді бұл әйелдерден қандай үлгі аламыз? Сөз соны: Орыс мектептерінде нақты қай ұлттың балалары оқып жатқаны маңызды емес. «Ата-бабаларымыз жеті жұрттың тілін біл» деп текке айтпаған. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» деген тәмсіл де бар. Біздің де айтпағымыз осы еді... Себебі қазақтың тарихында ұрпақ ұлалатын парак болған жоқ....

Баян ЖАНУЗАКОВА

Елімізде балалар үйі азайып келеді. Алайда тастанды балалардың саны кемімей тұр. Тіпті жүрек ауыртар сорақы көріністерге тосқауыл да жоқ. Құрсағында тоғыз ай көтерген қызылшақасын қыстың күні де көшеге тастап кетуден қорықпайтын қыз-келіншектер әр жерден қылаң беріп қалады. Сонда олардың жат әдетке баруына себепші болған ер-азаматтар неге ұялмайды?

құлыным, ботам, балапаным» деген жылы сөзін естуден артық қуаныш жоқ.

Бақыт дегеннің өзі сол.

Бүгінде көптеген елде жалғыздікті қарттар мен жетім балалар бір шаңырақта тұрады. Ғалымдардың айтуынша, бұл қарттардың да, балалардың да денсаулығы үшін өте пайдалы. Олар ең бастысы, жалғыздық сезімінен арылады. Ата-әжелер басынан өткерген оқиғаларын ортаға салып, тәжірибелерімен бөліседі. Ал балалар ата-анадан ала алмаған жылуды, сүйіспеншілікті сол кісілерден алады. Осыған байланысты сынақ 2015 жылы АҚШ-та жүргізілген екен. Тәжірибе олар ойлағаннан да жақсы болған. Қазір Канада мен Жапония да осы тәсілге көше бастаған.

Егер қарттар мен балалар үйлерін біріктірсе, әр бала өзіне керек жылуды, мейірімді сол жерден ала алады. Әрине, олардың өзін де күтім керек. Бірақ та, қариялар балалармен ой бөлісіп, еркелетсе, кішкене болса да жетілгендіктерін сезінер еді.

Ақбота ҚОЖАЕВА, студент



жетіспейді. Оларға тәрбиешілері

барынша көңіл бөліп жатса да бала жүрегі аялы алақанды іздейді, ансайды. Әрине, бәрі бірдей тұлдыр жетім емес. Осындайда қарадомалақтардың ата-анасынан баласын көзі кынып қалай тастап кеткенін сұрағым келеді. Менінше, мұндай кісілер бақытты өмір сүруге лайықты емес. Көз жасына қалып, балаларының үмітін ақтамағандар қалайша бақытты болады?

Бұл өмірде ананың ақ сүті мен әкенің мейіріміне жететін ештеңе жоқ. Ата-ананың мейірлене «Айналайын,

БАЛАЛАР МЕЙІРІМГЕ ЗӘРУ

отызға жуық елінде тегі мен түрі басқа отбасыларының қамқорлығында жүр. Қазір бұл үрдіс тоқтады. Осыған шүкіршілік дейміз. Енді бір назар аударарлық жағдай, жергілікті тұрғындар бала асырап алуды дағдыға айналдырды. Алайда бар баланың тұрмыс-тіршілігі қандай? Несін жасырамыз, балалар үйінің бәрі керемет емес. Біреуінің жағдайы жақсы, басқаларында керісінше. Қалай айтсақ та, жетім баланың бар ойы ата-анасын келсе, өз үйіне тезірек оралса болғаны. Қысқасы, балаларға ата-ана мейірімі

Пәтер жалдап тұрамыз. Біз тұрған үйдің жер төлесіне бір әйел кіріп-шығып жүретін. Қолында күрек, сыпыртқысы бар. Аула тазалаушы шығар деп ойлады. Бір күні жасқа толмаған баласын құндақтап кіріп бара жатыр екен. «Осында тұра ма өкен?» деген жанашыр ой келді. Тағы бірде мектеп жасындағы екі қызын жетелеп шығып бара жатты. «Мына тиыңа нан мен шырын келеді. Сабақтан кейін ойнамай үйге қайтыңдар» деп, балапандарын қақпаға дейін ұзатты. Сабаққа шыққам. Қыздардың артынан келе жатырмын. Неде болса, мән-жайларын білейінші деп, 10-12 жастағы сіңілерімді сөзге тарттым.

«Қай сыныпта оқисыңдар?» — деп сөзге тарттым. Біреуі 4-ші, үлкені 6-сыныпта оқиды екен. «Жертөледе тұрасыңдар ма?» — деп едім, кішісі «иә» деді. Үлкені намыстанып қалды. «Жоқ, онда тұрмаймыз. Үйміз бар» деді де,



сінлісінің қолынан жетелеп, менен озып кетті. Ұзап бара жатып «Танымайтын адамға ешнәрсе айтпа дегенім қайда?» деп кіші қыздың қолын сілкіп барады. Біраз күннен кейін аула сыпырып жүрген әйелдің өзімен тілдестім. Жамбыл облысынан келіпті. 4 баласы бар екен. Ауылда тұрған.

«Тұрақты жұмыс болмады, — деп, қолындағы сыпырғысына сүйеніп тұрып әңгімесін бастады. — Күйеуіме бізді асырау қиын болды. Соның кесірінен үйде күнде ұрыс-керіс басталатын. Тіпті, тамақ тауып жеудің өзі мұңға айналды. Содан жолдасым бізді тастап, жұмыс істеймін деп Алматыға кеткен. Қайтып оралмады. Телефон нөмірін де өзгертіп тастады. Үш айдан кейін қаладан келгендердің бірінен «Күйеуімді көрдік. Бір бай қатын тауып алыпты» деген жаман хабар алдым. Балаларды күлге аунап тапқан жоқпын

мақсатты түрде насихаттаудың қажеттілігі өте өзекті.

Ақиқаты сол, бүгінгі бірнеше фильмдерде еркектердің әйел бейнесін сомдауға деген құмарлықтан туған құбылыс орын алды. Сайқымазактың астарында менінше, ер-азаматтардың өз бейнесіне деген көңіл толмаушылықтың психологиялық комплекстері мен құрметсіздіктері жатыр. Намысы бар ел — экранында да әр жыныс мүшесінің миссиясын өз орнына қояды. Арланбау үдерісін үдете берудің қажеттілігі шамалы. Тамашадан бастау алған осы үдеріс бүгінгі экранды ақырындап жаулап барады. Осы бағытта жұмыс жасап отырған авторлар — бұл жыныс жаратылысының танымына қолдан жасалып жатқан рухани қылмыс екендігінің жауапкершілігін түсінсе деймін.


Экранда жүріп жатқан барлық ақпараттарды балалар бақылайды. Ютуб арқылы болса да. Біз оларды қандай рухани азықпен қоректендіріп отырмыз? Уақыт өте олар соның жемісін беретін

ЕСТЕРІҢДІ ЖИЫҢДАР, ЕРКЕКТЕР!

Өнер — ең қауқарлы әрі нәзік иірімді саясат. Оның алға жылжытып отырған идеясын санаға қалай қабылдап қойғаныңды түсіне алмай қаласың. Көркемдігіне арбаласың. Өнердің табиғаты тұнып тұрған — сиқыр. Теңдессіз шеберлікпен туған өнер туындысы — бейне бір мистикалық күшке ие. Оның қауқары идеологиялық мақсатта басқарылса, алынбайтын қамал жоқ.

Әлемдік кинематографта бір жыныстылық сипаттағы фильмдер қазір өте көп. Бұл басқарылмаған гармондардың өзекті мәселесі. Табиғатына қарсы тұру. Жаратылысыңды мойындамау. Жынысыңды жасанды жолмен өзгерту. Құбыжыққа айналу. Ақыры оның — күйзеліс. Мүмкін, қол жұмсау. Басқаша оның шешімі жоқ. Ол — ұрпақ деген ұғымды қолдан жою.

Енді ер-азаматтардың әйел бейнесіне енуге деген құмарлығына келсек, бұл да қозғап отырған мәселемізден түпкі негізі алыс емес. Оның да мақсаты — өз жынысына қарсы тұру. Жауапкершілік көтермеу. Намысты қолдан жерлеу. Арланбау. Ер-азаматқа тән қасиеттерімен мақтанбау. Идеал бола алмау. Ұрпағының келешегін ойламау. Негізгі себеп осында. Біз дәл қазіргі уақытта қорған болар, батыр тұлғалы еркектердің бейнесіне мұқтажбыз. Кино өнері арқылы осы идеяны бүгінгі күні



болады. Жалғыз дәлел — осы. Бұл масштабты саясат әлдеқашан өз күшіне енді. Біз осы ақпараттық шабуылдан қаншалықты қорғана аламыз, келешегіміз де соған байланысты. Жарымжан жыныстылықтың жанымызды салып жарнамалайтын болсақ, еркегі — ез, әйелі — еркекшора ұрпақ қана тәрбиелеп шығарамыз. Санаға сінген ақпарат міндетті түрде өз миссиясының қорытындысын беретін болады.

Гүлзат ҚӨБЕК, кинотанушы, өнертану PhD докторы

Бұл пікірді жазуыма телеарнадағы түрлі ток-шоу түрткі болды. Айтарым нәзік жігіттер туралы болмақ. Мысалы, өртістердің, телебағдарламалардағы жүргізушілердің түр-көлбетін әрлеуші, сөңдеушілер бар. Бұл еңді қыздарға лайықты мамандық. Сол кесіпті меңгеруге жігіттердің бет бұрғанын, атсалысуын қаламайтындар жеткілікті. «Нәліктен?» деген сұрақ туындайды.

көбейіп кетті. Сол азаматтардан жеке пікірін сұрасаныз: «онда тұрған ешнәрсе жоқ!» дейді. Яғни фешн индустрияда — үйреншікті образ болып саналады. Олар өзін «заман талабына сай өмір сүріп жүрміз» деп ойлайды. Болмыстары нәзік болғанмен рухы мықты, тепсе темір үзетін азаматтар екендігіне күмәнім жоқ. Бірақ қазіргі қалпы — образ. Демек, қартайып немесе сүйген жасқа дейін айныласатын кәсіп емес, тек жастық шағын қызықты өткізіп, уақытша болса да, нағыз өмір сүруге ұмтылыс.

МАЙЫСҚАН ЖІГІТТЕРДІ ҰНАТПАЙМЫН

Бұған мен «дамыған Еуропа елдерінен келген индустрия» деп жауап берер едім. Алайда мәселе тек салаға тіреліп тұрған жоқ. Жалпы, нағыз батыр болатын жігіттердің нәзіктеніп бара жатқаны өкінішті. Тек өз саласының маманы болып қала берсе де, оған жұрт қатты қарсы болмас еді. Олар қыздарды да әрлеп қоймай, өздерінің де бетін бояп, майысып суретке түсетін болған. Бұл халықтың ашу-ызасын тудырары анық. «Қайсар қазақ» деген ұлы сөзді осындай жігіттерге қарата қалай айтамыз? Бабаларымыз ғасырлар бойы шайқасып, ұрпағына сақтап қалған жерінде отырған бүгінгі жас ұрпағының жеткен жері осы болғаны ма?

Басқа жұртқа еліктеушілік — ерсі әрекет. Аты айтып тұрғандай, ер-азамат мықты қалпында қалуы керек. Десек те, нәзік жігіттердің қатары



Шынымды айтсам, сол образдың барлығы болмашы. Мамандыққа еш қарсылығым жоқ. Қолынан келетін іс болса, сол еңбегі арқылы табыс тапсын. Дегенмен әр жігіттің бойында ерлерге тән қасиеттің жоғалмағанын қалаймын.

Жәмила МҰҚАНОВА, студент

ТОРҒАЙ ҚҰРЛЫ БОЛМАҒАН

ғой. Ертегі бала-шағамды алып Алматыға келдім. Бір апта іздедім. Таппадым. Ауылға қайтуға бет жоқ. Сосын бір қайырымды адамдар осы жұмысты тауып берді» деді.

Өзін Сәуле деп таныстырған. Содан бастап бір-бірімізді көрсек, амандасып тұратын болдық. Қолымыздан келгенше көмектесіп жүрдік. Бір күні Сәуле апай мені көріп, тоқтатып алды. «Әлгі күйеу болғырды таптым. Алпыстағы жалғызбасты кемпірдің қолына кіріп алыпты. Астында машина, деді көз жасын сығымдап. — Балаларды өзін өсір. Мен үйге қайтпаймын. Мына әйел асырайды. Жоктықтан шаршадым деп, қолыма 20 мың теңге ұстатты», — деді.

Қасымыздан дәу көлік өтіп бара жатқан. Терезесі ашық екен, ішінен «Торғай екең, торғай да, балапанын қорғайды» деген өннің қайырмасын естідім. «Біздің бейбақ торғай құрлы болмады: бұрынғы бабаларымыз елін жаудан қорғапты. Біздің байымыз балаларын баға алмады», — деп көз жасын жемінен сүртті аула сыпырып жүрген әйел.

Раушан АМАНЖОЛОВА, студент

